


Иммундау шаралары үзілмеуі тиіс  
2-бет



Әкім сайлауы – қоғам талабы  
3-бет



Бильярдтың дамуы неге бәсең?  
4-бет



# ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ  
Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz

БЕЙСЕНБІ, 27 СӘУІР, 2023 ЖЫЛ №47 (23 223)

www.facebook.com/ortalyq.kz info@ortalyq.kz

## ҚҰЛАҚАҒЫС

### Абай ауданы тұрғындарының назарына!

Қарағанды облысының әкімі  
**ЕРМАҒАНБЕТ БӨЛЕКПАЕВ**  
Абай ауданы тұрғындарымен кездеседі

(8-72131) 7-99-09  
ішкі 038  
жұмыс күндері сағат 09:00-ден 18:30-ға дейін (түскі үзіліс 13:00-ден 14:30-ға дейін)  
ev.shestakova@karaganda-region.gov.kz

Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Абай ауданының тұрғындарымен кездесіп, жеке қабылдау өткізеді.

Халықпен кездесу 2023 жылғы 27 сәуір күні сағат 15:00-де аудандық мәдениет үйінде өтеді.

Халықтан сұрақтар мен ұсыныстар жинау үшін жұмыс тобы құрылды. Өтініштеріңізді жұмыс күндері сағат 09:00-ден 18:30-ға дейін (түскі үзіліс 13:00-ден 14:30-ға дейін) (8-72131) 7-99-09 ішкі 038 телефоны арқылы және ev.shestakova@karaganda-region.gov.kz электрондық поштасы арқылы қалдыруға болады.

## ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

2023 жылдың II жартыжылдығына арналған «Ortalyq Qazaqstan» облыстық газетіне жазылу науқаны жалғасуда. Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, редакцияда ресімдеуге болады

Санаты	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша Қала
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға <b>5848,50 тг</b>
Жеке жазылушылар үшін	6 айға <b>3100,50 тг</b>
Санаты	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша Аудан / ауыл
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға <b>5919,00 тг</b>
Жеке жазылушылар үшін	6 айға <b>3111,00 тг</b>

Қарағанды қ., Ермаков к., 33  
8 қабат, 88 каб.

Анықтама телефондары:

Руслан – 8-775-482-22-02

Ботагөз – 8-778-846-00-01

Нұрсұлу – 8-705-902-04-05


Тел.: 43-57-89

E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

## МӘСЕЛЕ

### Донорлық трансплантация тұралап тұр

Солдай дейді мамандар. Елде донорлық трансплантация қолға алынған 10 жылда 2 мыңнан астам ғана операция жасалған екен. Оның 85%-ында тірі адамдар, әдетте туыстары донор болады. Қалған 15%-ы ғана мәйіттік донордан алынған. Бұл өте аз көрсеткіш. Осы жылдар ішінде Қарағанды аймағы бірде-бір мәйіттік донор ұсыныпты. Ал, күту парағындағы мұқтаж жандар азаяр емес. Денсаулық сақтау министрлігі ұсынған дерекке сүйенсек, күту парағындағы 3 805 адамның соңғы үміті – донорлық ағза. Оның 324-і облыс тұрғыны. Арасында бала да бар. Атауынан шоши ма, әйтеуір қоғам осы мәселені әлі де қабылдай алмай келеді. Қайтыс болған туысының органын сұрағанда ат тонын ала қашады. Донор болудың әсіресе, мәйіттік донорлықтың маңызын асқынған дерті жанына батқан сол 3 805 адам мен олардың жақындары жақсы түсінеді.



Жансая ОМАРБЕК,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қоғам не дейді?  
Жұлдыз есімді Қарағанды тұрғынына былтыр бүйрек ауысты-

рып салды. Мәйіттен. – Бүйрек ауруының азабын 4 жылға жуық тарттым, диализде болдым. Былтыр 16 қарашада Астанадан донор табылды деп хабарласты, тез жету керектігін айтты. Сол күні түнде жеттім. Меннен басқа Көкшетау

мен Павлодардан келген екі адам, астаналық бір адам бар екен. Сараптама бойынша осы төртеуіміз донорға сәйкес келеді екенбіз. Ертесіне талдау нәтижелері шықты, мен кезекте екінші тұрсам да, бүйрек маған бұйырды, – дейді ол.

Өзге бүйрек бесінші күні жұмыс істей бастады. Үш аптадан кейін үйге шығыпты. – Қазір денсаулығым жақсы, – дейді Жұлдыз. – Әрине, күтіну керек. Иммуносупрессиялық дәрілер ішемін, өмір бойына диета ұстау керек. Бірақ, бұл ауырғаннан жақсы. Маған бір бүйректі салды, екіншісін Алматыға алып кетті. Донор болған ер адам екенін ғана білемін. Басқа ақпарат айтылмады. Кім де болса, ризамын.

Жұлдыздың жолы болған, донор табылып. Бүгінде облыс бойынша сегіз адамға – жүрек, бес адамға – бауыр және 311 адамға бүйрек алмастыру қажет. Күту парағындағылардың көбісі бүйрекке мұқтаж.

Бір мәйіттік донор 5-7 адамның өмірін сақтап қала алады. Республикалық трансплантация және жоғары технологиялық медициналық қызметтерді үлестіру орталығының директоры Сәуле Шайсұлтанованың айтуынша, қоғам мұндайды естігісі келмейді.


► 3-бет

## «ИК» ГАЗЕТИНІҢ ЭСТАФЕТАСЫ

### Жарыс жолынан табылыңыз!

Көптен күткен айтулы спорт мерекесінің күні мен орны белгіленді. Ұлы Жеңістің 78 жылдығы мен Отан қорғаушылар күніне арналған «Индустриальная Караганда» облыстық газетінің дәстүрлі 76-шы жеңіл атлетика эстафетасы 6 мамырда Қарағанды (Оңтүстік-Шығыс ауданы) көшелерінде өтеді. Іс-шараның ашылу салтанаты сағат 10.30-да «Флашгток» композициясының алдындағы алаңда (Сарыарқа көшесі) өтеді деп жоспарлануда. Жарыстың басталу уақыты сағат – 11.00-де, жабылу салтанаты сағат 14.00-де «Флашгток» композициясының алдындағы алаңда өтеді.

Жан АМАНТАЙ,  
«Ortalyq Qazaqstan»



«Индустриальная Караганда» эстафетасы ұзындығы – 4100 м.  
1-3 кезең – Сарыарқа көшесінің бойымен Төттімбет көшесі бағытында  
4 кезең – Төттімбет көшесінің бойымен солға бұрылу арқылы – Сарыарқа көшесіне бұрылу  
5-9 кезең – Республика даңғылына бұрылу арқылы Сарыарқа көшесінің бойымен  
10 кезең – Мәре Республика даңғылындағы тұтқырды айнала

Ұйымдастыру комитетінің шешімі бойынша жарысқа жалпы білім беретін мектептер, колледждер, лицейлер, жоғары оқу орындар, әскери мекемелер, спорт клубтарының оқушылары, мемлекеттік органдар, кәсіпорындар, ұйымдар, банк қызметкерлері және жүгіруге ықтияр барлық әуесқойлар (медициналық анықтамасы болған жағдайда) қатыса алады.

Барлық қатысушылардың кеуде тұсына тағар арнайы нөмірлі белгілері болуы керек. Сондай-ақ, жарыс жеті топ бойынша өткізіледі:

1-топ-ЖОО, спорт клубтары, колледж командалары, Әлия Молдағұлова атындағы облыстық мамандандырылған

олимпиадалық резервтегі мектеп-интернат-колледжі;

2-топ – колледждер мен Т.Бигелдинов атындағы әскери мектеп-интернат командалары;

3-топ – жалпы білім беретін мектептер (11 жылдық оқу);

4-топ – толық емес орта мектептер (9 жылдық оқу);

5-ші топ – өндірістік ұжымдар;

6 – топ – ұйымдар;

7-ші топ – спорт ардагерлері, мүмкіндігі шектеулі спортшылар (1400 м жүгіруден) және жүгіруден әуесқойлар. Топтардың барлығында ерлер мен әйелдер старты бөлек басталады. Мысалы: 1-ден 6-шы топқа дейінгі

командалар эстафетаны 10 кезеңге бөледі. (Мұның бәрі сызбада көрсетілген).

1-ші топтан 6-шы топқа дейінгі эстафетаның жүлдегер командалары кубоктармен және дипломдармен марапатталады. Ал, 1-ші – 6-шы топтардың жүлдегер командаларының қатысушылары медальдармен марапатталады. 1-ші топтан 6-шы топқа қатысушылардың 1-ші кезеңде көрсеткен үздік нәтижелері үшін, естелік сыйлықтар және грамоталар табысталады. Сонымен қатар, 7-ші топтағы қатысушылар сертификаттармен марапатталамақ.

Команда өкілдері мен төрешілер алқасының отырысы 2023 жылғы 3 мамырда сағат 15.00-де Н.Әбдіров атындағы спорт сарайының фойе-залында өтеді деп күтілуде.

Эстафетаға қатысу үшін белгіленген нысан бойынша өтінімдер қазылар алқасына 2023 жылғы 3 мамырда сағат 14.00-ден 15.00-ге дейін берілуі керек.

## Ұлы Жеңіске




### СОҒЫСТЫҢ

### СОҢҒЫ

### сарбаздары

Павел Михайлович  
ОЛЕНЧЕНКО



Саратов облысының тумасы, 1925 жылы 2 шілдеде дүниеге келген. 1945 жылы Қарағанды қаласының Киров аудандық әскери комиссариаты соғысқа шақырды.

Ол 1945 жылдың наурызынан мамырына дейін 1-ші және 2-ші Украин майданында 48-ші ауыр миномет бригадасының құрамында связист ретінде қатысты. Соғысты Берлин қаласында аяқтады.

1950 жылы әскер қатарынан босатылды. II дәрежелі Отан соғысы орденімен, «Жауынгерлік еңбегі үшін», «Берлинді алғаны үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталған.

Соғыстан кейін нан зауытында, Горбачев атындағы шахтада жұмыс істеді. 1975 жылы құжатты демалысқа шықты.

Иван Кириллович  
СКРИПНИКОВ



1930 жылы 14 қаңтарда Тюмень облысының Маслонов ауданында дүниеге келген. 1950 жылы Маслонов аудандық әскери комиссариатынан әскерге шақырылды.

Батыс Украинада бандалық құрылымдарды жою қимылдарына қатысты. 1953 жылы Украинада демобилизацияланды.

II дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталған.

Қарағанды қаласында Ішкі істер министрлігі жүйесінде және Социалистік меншікті ұрпауға қарсы күрес бөлімінде жұмыс істеді. 1982 жылы зейнетке шықты.

## РЕСМИ

### Онлайн-сервис іске қосылды

Мемлекеттік кірістер комитеті тауарлар кодын іздеудің онлайн-сервисі іске қосылғанын мәлімдеді. Тауардың дұрыс кодын таңдау – келендік ресімдеуден жылдам өтудің кепілі.

Егер код дұрыс анықталмаса бұл келендік төлемдер мен салықтарды дұрыс есептеуге және әкімшілік жазаға әкелуі мүмкін.

Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті қызметін сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға барынша ыңғайлы етуге тырысуда. Осы мақсатта keden.kz сілтемесі бойынша сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға тауарлар номенклатурасының кодын іздеудің онлайн-сервисі ұсынылды. Бұл сервис өзекті және оны одан әрі жаңарту Еуразиялық экономикалық комиссияның шешімдері негізінде жүзеге асырылады.

Өз тілшімізден





## • ҚҰЛАҚҚАҒЫС

## Облыс тұрғындарының назарына!

Egov.kz порталының «Ашық диалог» бөлімінде 27 сәуірде сағат 15:00-ден 18:00-ге дейін Қарағанды облысы әкімінің бірінші орынбасары Вадим Басинмен интернет-конференция өтеді.

Тақырыбы – «Жылыту маусымының қорытындысы және коммуналдық желілерді жөндеудің жоспарлары».

Спикерге сұрақ қою үшін электрондық цифрлық қолтаңба қажет.

27 сәуір 15:00-ден 18:00-ге дейін

egov.kz порталында

Қарағанды облысы әкімінің бірінші орынбасары

Вадим Басинмен

ИНТЕРНЕТ-КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТЕДІ

Тақырып – «Жылыту маусымының қорытындысы және коммуналдық желілерді жөндеудің жоспарлары»



## • КӨШІ-ҚОН

## Шетелдік мигранттарға квота бөлінді

Биыл Қазақстанда шетел еңбек мигранттарына 22 260 квота бөлінді. Бұл туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі көші-қон комитеті төрағасының міндетін атқарушы Ілияс Испанов айтты.

– Шетелден келетін еңбек мигранттарын есепке алу, оларды реттеу және заңдастыру біздің құзыретімізге кіреді. Сырттан еңбек мигранттарын тарту нарықтың сұранысына қарай айқындалады. Биыл шетелден келетін еңбек мигранттарына 22 260 квота бөлінді. Аталған шара – отандық еңбек нарығының сұранысын қамтумен қатар, заңсыз еңбек мигрантын шектеу амалдарының бірі. Шетелдіктер квота арқылы елде жұмыс істей алады, яғни рұқсат алады. Биыл 1 сәуірдегі жағдайға сәйкес, елімізде 14 417 шетел аза-

маты жұмыс істеп жатыр, – деді Ілияс Испанов орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында.

Спикер келтірген мәліметке сәйкес, бүгінде елімізде жұмыс берушілер 1 693 жұмыс күшін пайдаланып отыр. Онда 407 мыңнан астам шетел азаматы жұмыс істейді.

Ілияс Испановтың айтуынша, шетелдік еңбек миграциясының үлесі төрт пайыздан аспайды. Қалғанын отандық еңбек күші құрайды.

Өз тілшімізден

## • ЭКОЛОГИЯ

## Заңсыз қазандық жұмысын тоқтатты

Қарағандының «Күнгеі» шағынауданындағы заңсыз қазандық жұмысы тоқтады. Бұл туралы облыстық экология департаментінің баспасөз қызметі мәлімдеді.

Аталған департамент басшысының міндетін атқарушы Дархан Исханов заңсыз қазандыққа бірнеше рет шағымданған күнгеіліктермен кездесті. Қазандықты шағынауданының бірнеше коттеджін және көппәтерлі тұрғын үйлерді жылыту үшін жеке кәсіпкер салған.

Алайда, қазандыққа жақын орналасқан үйлердің тұрғындары түтін мен күйеден көз аша алмағасын, шағымдануға мәжбүр

болған.

Тұрғындардың кезекті өтінішінен кейін оқиға орнына департамент басшысымен қатар, экологтар мен санитарлық дәрігерлер де келіп, жағдайды көзбен көрді.

Өз кезегінде департамент қазандықтың иесіне 7 сәуірде сотта қаралған талап арызын көрсетті. Соттың шешімі – заңсыз қазандықтың жұмысын тоқтату. Ол 7 мамырда күшіне енеді.

Өз тілшімізден

## • ДЕНСАУЛЫҚ

## Иммундау шаралары үзілмеуі тиіс

Сәуірдің соңғы аптасында дүние жүзі жыл сайын иммундау апталығын атап өтеді. Биылғы ұстаным – «Ауқымды иммундау!» Шараның мақсаты – иммундау мәселесіне халық назарын аудару және ақпараттандыру. Вакциналау – денсаулық сақтаудың ең үлкен жетістіктерінің бірі. Ол бүкіл әлемде инфекциялармен күресудің ең тиімді, үнемді әрі қолжетімді құралы ретінде танылды. Алайда, ата-аналар арасында белең ала бастаған вакцинациядан бас тарту тенденциясы оған сенімнің азайғанын көрсетеді. Бұл ретте дәрігерлер еске қатысты ел арасындағы жансақ пікірді жоюға, оның пайдасын жеткізуге бағытталған шаралар ұйымдастырады.

Жансая ОМАРБЕК,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Профилактикалық екпелер 12 ауруға қарсы міндетті вакциналауды көздейтін Ұлттық еке күнтізбесі шеңберінде жүзеге асырылады. Бұдан басқа, екпелер желелген кәсіптік топтарға, аса қауіпті инфекциялар бойынша қолайсыз елдерге баратын табиғи-ошақты аурулармен аурушандық дең-

гейі жоғары аумақтарда тұратын адамдарға және инфекциялар ошағында эпидемиялық көрсеткіштер бойынша жүргізіледі.

– Иммундау – бұл өзінің тиімділігін дәлелдеген, денсаулық сақтаудың үнемді шарасы, миллиондаған баланың өмірін сақтайды және миллиондаған адамды аурулар мен мүгедектіктен қорғайды, – дейді қалалық бірінші медициналық-санитарлық көмек орталығындағы баланы дамыту ка-



бинетінің педиатры Мариям Татанова.

Дәрігердің айтуынша, соңғы кездері көптеген ата-аналарды «балаға еке салу қажет пе, жоқ па?» деген сұрақ толғандырады екен.

– Бүгінде екеннің зияны туралы түрлі ақпарат көздерінен жиі кездестіруге болады. Сондықтан, ата-аналар екеден бас тартып жатады. Алайда, оның салдары ауыр болуы

мүмкін. Мәселен, қазіргі уақытта қызылшаның таралуы қауіп бар. Әлемде 150 мыңға жуық жағдай тіркелді. Оның себебі, ұжымдық иммунитеттің түсуі. Екеден бас тарту арқылы қоғамдағы ұжымдық иммунитет әлсірейтінін есте ұстаған жөн, – дейді Мариям Күмісбекқызы.

Айта кетерлігі, барлық екпелер тегін жасалады. Оларды қалалық бірінші медициналық-санитарлық көмек орталығында да, тіркелген емханадан да алуға болады.

Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Кодекстің 85-бабының 5-тармағына сәйкес, жоспарлы профилактикалық және эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша профилактикалық екпелер жасалады. Біріншісінде «В» вирустық гепатиті, дифтерия, көкжөтел, қызылша, қызамық, пневмококты инфекция, полиомиелит, сіреспе, туберкулез, эпидемиялық паротит сияқты ауру түрлеріне қарсы еке жасалады.

ММ басшысы Болат Арынов.

Бүгінге дейін құрылыс жұмыстарының 90 пайызы аяқталды. Мердігер – «Петростройлюкс» ЖШС мен «Астана-Көктем С» ЖШС ұжымдары. Енді инженерлік-коммуникациялық торап пен желілерді тарту ғана қалды. Сол үшін өткізілген тендерде анықталған мердігер – «Лайфстройинвест» ЖШС. Оның мамандары кәріз, су, жылу жүйелері мен электр желілерін жүргізумен айналысады. Осы мақсаттарға аудандық бюджеттен 106 миллион теңге қарастырылыпты.

Бұқар жырау ауданы



## • БАСПАНА

## Ботақаралықтар қоныстой тойлайды

Сәтін салса, биылғы тамыз айында Бұқар жырау ауданының орталығы Ботақара кентіндегі 72 отбасы баспаналы болмақ. Сол мерзімге дейін «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша кенттегі әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға арналып салынып, жалға берілетін 12 пәтерлік екі қабатты алты үйдің құрылысы толық аяқталады деп күтілуде.

Ержан ИМАШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Құрылысы 2021 жылы басталған бұл үйлердің әрқайсындағы сегіз пәтер екі бөлмелі де, төрт пәтер үш бөлмеден. Қазір олар қызыл кірпіштен қаланып, төбесі жабылып, есік-терезелері орнатылып, қаз-қатар бой көтерген. Сырт көрінісіне көрген

көз сүйсінетіндей-ақ. Енді осы тұрғын үйлердің инженерлік-коммуникациялық тораптары мен желілерін тарту ғана қалған түрі бар.

– Бұл алты үйдің жалпы жобалау-сметалық құны 882 миллион теңге болса, ол қаражат республикалық, облыстық, аудандық бюджеттерден бөлінген, – деген еді «Бұқар жырау аудандық құрылыс бөлімі»

## • БРИФИНГ

## Кәсіптік білім көкжиегі

Елімізде жұмысшы мамандар тапшы, ал жұмыссыз жүрген жастар көп. Осы бағытта Мемлекет басшысының тапсырмасымен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мемлекеттік грант саны жыл сайын ұлғайып келеді. Бұл салада соңғы жылдары өзге де өзгерістер орын алуда. Мұның бәрі сапалы білімге негізделіп, жастарды жұмыспен қамтуға, одан әрі мемлекетті гүлдендіруге бағытталған. Осыған байланысты өңірлік коммуникациялар қызметінде облыстың білім басқармасының техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің басшысы Индира Исқақованың қатысуымен өткен брифингте техникалық білім беру саласындағы маңызды мәселелер айтылды.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазір өңірде техникалық және кәсіптік білім беретін 55 колледж жұмыс істейді, оның 38-і мемлекеттік, 17-сі жекеменшік. Колледждерде 31 912 студент білім алуда. Мемлекеттік тапсырыспен 7653 студент қабылдана, алдағы оқу жылында 8089 студентті қамту жоспарда. Колледждердің 67 пайызы техникалық және кәсіптік тегін білім берумен қамтылған.

«Студенттердің сапалы білім алуы, жұмысқа орналасуы, азамат ретінде қоғамнан өз орнын табуы ең маңыздысы – ерте кәсіптік бағдар беру жұмысы. Кәсіптік бағдар беру 5-сыныптан басталады. Аймақтағы мектептер мен колледждерде «Хедхантингтік эжжүйесі бойынша кәсіптік бағдар беру» жүйесі әзірленіп, енгізіле бастады. Бұл жүйе оқушылардың тәсілеуден өтуінен бастап, жұмыс берушілер тарапынан колледж түлектеріне ұсыныстар бергенге дейін мамандықты таңдағанда дұрыс таңдау жасауға көмектеседі. Оған қоса, облыстағы барлық колледж 2021 жылдан бастап «Mycollege» порталы іске қосылған. Оқушылар осы сайттың көмегімен мамандық пен оқу орнын таңдай алады. Жыл сайын Кәсіптік бағдар беру күндерінің бағдарламалары жасалады, Ашық есік күндері және кәсіби сынамалар өткізіледі», – деді облыстың білім басқармасының техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің басшысы Индира Ерданқызы.

Бөлім басшысы брифингте түлектердің жұмысқа орналасу мәселесіне де тоқталды. Биылғы оқу жылынан бастап колледждерде нысаналы мемлекеттік білім беру тапсырысы енгізілген. Яғни, өңірдегі кәсіпорындар мен колледждер келісімшартқа отырып, колледж бітірген түлектерді компаниялар жұмысқа қабылдайды. Бүгінгі күні 13 колледжде 207 студент нысаналы білім беру тапсырысы бойынша білім алып жатыр.

Өңірдегі 16 кәсіпорынмен келісімшартқа қол қойылған. Олардың қатарында «Qaz Tepla» ЖШС, «Инкар-1» ЖШС, «АрселорМиттал Теміртау» АҚ БЖ, «ҚТЖ Жүк тасымалы» АҚ филиалы, «ҚТЖ Жүк тасымалы» АҚ филиалы, «Құрылысмет» ЖШС, «Ютария» ЖШС, т.б. ірі компаниялар бар.

«Түлектердің жұмысқа орналасуы бойынша мониторинг жүргізіледі. Бүгінгі күні жұмыспен қамту, жұмысқа орналасу дәрежесі 88 пайызды құрап отыр. Мемлекеттік грант есебінен 79,5 пайызды құрайды», – деді бөлім басшысы.



Сонымен қоса, кадрларды сапалы даярлау үшін 42 колледжде 6 425 студентті қамтитын дуальды оқыту енгізілген. Оның ішінде 5 517 орын мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша бөлінген. Дуальды оқыту бойынша колледждер өңірдегі 360 кәсіпорынмен тығыз жұмыс жасайды. Яғни, студенттер теорияны оқу орнында үйренсе, компанияларда тәжірибеден өтеді.

– Бүгінгі таңда 32 колледж «АрселорМиттал Теміртау» АҚ, «Қазтехна» АҚ, «Инкар-1» ЖШС, «Аспап» құрылыс – кәсіпкерлік кооперативі, «ҚАЗМЕХАНОМОНТАЖ» ЖШС, «СКЭП» ЖШС, «ҚТЖ Жүк тасымалы» АҚ, «БП Қарағанды бөлімшесі» сияқты ірі кәсіпорындармен 74 қамқорлық және өзара ынтымақтастық туралы екі жақты меморандумға қол қойды.

Ынтымақтастық шеңберінде жоғарыда аталған кәсіпорын өкілдері қамқоршылық және индустриялық кеңестердің құрамына кіреді, сондай-ақ колледждердегі білім беру бағдарламаларын бірлесіп әзірлейді. Осы кәсіпорындар базасында теориялық және зертханалық-практикалық сабақтар өткізіледі, оның ішінде дуальды оқыту шеңберінде экскурсиялар мен практикалар ұйымдастырылады, колледждердің материалдық-техникалық базасын жақсартуға және түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдеседі, – деді Индира Исқақова.

Колледждердің материалдық-техникалық базасын нығайту және сапалы білімге

қол жеткізу мақсатында 2020-2021 жылдары «Жас маман» жобасымен 14 колледж АҚШ, Италия, Германия, Швеция, Франция, Аустрия өндіретін әлемдік брендтердің заманауи жабдықтарымен жабдықталған. Жоба аясында 47 зертхана, 27 шеберхана, 6 арнайы пән кабинеттері, тренажер сынып және оқу кабинеті, металл өңдеу цехы, 34

мамандық бойынша 1 тренинг және коучинг орталығы жабдықталған.

Аймақтағы колледж студенттері республикалық чемпионаттарда көш бастап тұр. Былтыр WorldSkills Kazakhstan – 2022 республикалық чемпионатында Қарағанды облысы республика бойынша I орынға ие болды. Сайысқа қатысушы студенттер алты алтын, үш күміс, екі қола және он бір үздік медальон жеңіп алды. Жеңімпаз атанған қарағандылық студенттер биыл EuroSkills – 2023 халықаралық чемпионатқа қатысып, Қазақстанның атын әлемге танытпақ.

Брифинг соңында облыстың білім басқармасының техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің басшысы Индира Исқақова БАҚ өкілдерінің сауалына жауап берді.

«Өңірде мемлекеттік аттестаттау кезінде лицензиясыз білім берген 3 колледж анықталды. Бұл колледждердің мәселесі қалай шешілді?» деген редакция тілшісінің сауалына Индира Ерданқызы: «Осы колледждер жұмыс жоспарларында кеткен кемшіліктерге байланысты мемлекеттік аттестаттаудан өтпеді. Ал, қазіргі кезде бәрі ретке келтірілді. Өңірдегі колледждер лицензиясыз ешқандай диплом, сертификат бере алмайды», – деп жауап берді.

Бұдан басқа, аймақта педагогикалық, техникалық, медициналық бағыттағы мамандар тапшы екені айтылды. Яғни, біздің өңірде тау-кен саласының мамандары, тігінші, құрылысшы, дәнекерлеуші, т.б. мамандар жеткіліксіз.

Ал, құтыру, іш сүзегі, көктемгі-жазғы кене энцефалиті, оба, коронавирус инфекциясына қатысты екеп эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша жасалады. Оның барлығы ата-ананың немесе қамқоршысының рұқсатымен ғана жасалады.

Қазақстанда жыл сайын шамамен 5 миллион адам екеп салдырады. Оның ішінде 1,3 миллионы 14 жасқа дейінгі балалар. COVID-19 пандемиясы жоспарлы иммундау шараларын бәсеңдеткені рас. Мамандардың пайымынша, бұл аурудың алдын алуға болатын аурулардан туындайтын аурушандық пен өлім-жітімнің өсуіне әкеп соғуы мүмкін. Сондықтан, олар иммундау шаралары тоқтамауы керек деп санайды.


– Иммундау жұмыстары тоқтаса инфекция бейім адамдар қатары пайда болуы мүмкін. Бұл ұжымдық иммунитеттің әлсіреуіне әкеп келуі ықтимал. Мәселен, бір топтағы балалардың көпшілігі екеп алған болса, ол жерде ауыратындар сирек. Керісінше, екеп алмағандар көп болса, ол жерге инфекция тез түседі, – деп түсіндірді Мариям Татанова.



# Әкім сайлауы – қоғам талабы

Сайлауға біршама үйреніп қалдық. Өйткені, Жаңа Қазақстандағы саяси реформа сайлау жүйесінен басталғаны мәлім. Ол уақытта жергілікті өзін-өзі басқаруды жетілдіру қажеттігі пісіп-жетіліп тұрған-ды. Сондықтан да, «Халық үніне құлақ асатын үкімет» тұжырымдамасы жасалды. Оны толық іске асыру – зор мақсат. Осы бағытта Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев аудандар мен облыстық маңызы бар қала әкімдерін тікелей сайлауды енгізуде заңнамалық түзетулер дайындауға пәрмен еткені белгілі. Енді кезекте қазақстандықтарды аудан және қала әкімдерін сайлау күтіп тұр. Сөйтіп, елде алғаш рет 45 аудан мен қала әкімі сайланады. Быылғы сайлау қанат қақты режимде. Ал, 2025 жылы әкімдер жаппай сайлауға түседі. Негізі, әкім сайлау үрдісі Орта Азияда Қазақстанда алғаш жүзеге асқанын айту қажет.

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»



Әкім сайлауы туралы Президент VIII сайланған Қазақстан Республикасы Парламентінің бірінші сессиясы ашылуында да атап айтқан-ды.

«Биыл алғаш рет 45 аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерін тікелей сайлау өтеді. Содан кейін еліміздегі барлық аудан әкімдерін сайлайтын боламыз. Осылайша, биліктің барлық институттары жаңарып, тың қарқынмен жұмыс істей бастайды. Біз саяси үдерісті демократияландырып, азаматтардың мемлекетті басқару ісіне қатысу мүмкіндігін кеңейте береміз», – деді Мемлекет басшысы.

Биыл әкім сайлауы өтетінін Ұлттық экономика министрлігі былтыр желтоқсанда хабарлады. Мұнда алдымен облыс мәслихаттары облыс әкімінің ұсынысымен аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың тізбесін және сайлау өтетін күнді бекітеді. Кандидаттарды ұсыну ауыл әкімін сайлаудағыдай. Яғни, әкімге үміткерді саяси партиялар және жоға-

ры тұрған әкім ұсынуға құқылы.

«Егер ұсыну мерзімі аяқталған тұста бір ғана кандидат болса, оған балама ретінде екінші кандидатты облыс әкімі ұсына алады. Ал кандидаттар мүлдем болмаса, онда облыс әкімі екі кандидатураны ұсынады.

Өзін-өзі ұсынған кандидат сайлауға қатысуы үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте тұратын сайлаушылардың кемінде бір пайыз қолын жинауы керек. Кандидаттар заңда белгіленген ең төменгі жалмақының бес еселенген мөлшерінде сайлау жарналарын енгізуге тиіс. Егер сайлау қорытындылары бойынша кандидат әкім болып сайланса немесе дауыс беру қорытындылары бойынша кандидат дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының кемінде бес пайызын жинаса, сондай-ақ, кандидат қайтыс болған жағдайда енгізілген жарналар кандидатқа немесе саяси партияға қайтарылады. Қалған жағдайларда сайлау жарнасы кандидатқа қайтарылмайды», – деген болатын Ұлттық

экономика министрлігі.

Заңгер-ғалымдар сайлаудағы өзгерістерді уақыттың өзі саяси аренаға алып шыққанын айтып жүр. Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, конституциялық және халықаралық құқық кафедрасының меңгерушісі, PhD Руслан Ботагарин де осы пікірде. Ғалымның айтуынша, Орта Азияда бірінші боп, Қазақстанның әкім сайлауын өткізуінің саяси мәні үлкен.

– Жалпы әкімдерді сайлау мәселесі бір күнде пайда болған жоқ. Ол – бүгінгі қоғам талабы. Оның нақты іске асырылуы 2020 жылғы I қыркүйектегі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауынан бастау алады. Бұл Жолдауда Мемлекет басшысы қоғамдық



бірқатар артықшылықтарын да атайды.

– Биыл аудан және қала әкімдерін сайлау қанатқақты режимде өте бастайды. Артықшылық, менің ойымша, ол жоғары тұрған әкімнің үміткерді ұсынуымен қатар, азаматтарымыздың өзін-өзі ұсыну арқылы сайлауға қатыса алуы. Яғни, дәл қазіргі уақытта бұл үрдіс еліміздегі азаматтық қоғам қалыптастыру, құқықтық мемлекет құру, халық билігі қағидаларының орындалуының көрсеткіші. Бұл жерде ең бастысы – ол мемлекеттік мүдделердің, қауіпсіздік мәселелерінің сақталуы маңызды. Идеалында бұл үрдістің мақсаты – сол әкім сайланып отырған елді мекеннің әл-ауқатын арттыру, экономикасын көтеру, тұрақтылықты орнату. Бұл жүйенің тағы бір артықшылығы – сайлау жүріп жатқан елді мекендегі халықтың өзін-өзі басқару үрдісіне тікелей қатыса алуы. Мұндағы ең басты мәселе ол – қала, аудан, жалпы әкімдерді сайлау халықтың арасын бөлуге емес, біріктіруге жұмыс жасауы тиіс, – дейді ол.

Әкім өкілеттілігі – 4 жыл. Заңнамаға сәйкес бір адам екі реттен артық сайланбайды. Заңнаманың тағы бір тиімді тұсы – әкім міндетін дұрыс орындамаған жағдайда, оған депутаттардың сенімсіздік білдіре алатындығы. Соған орай оны қызметтен босату туралы мәселе көтеруге құқық беріледі. Мұндайда мәслихат депутаттарының жалпы санынан кемінде бестен бірі бастама көтеруі тиіс.

Аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар әкімдерінің сайлау науқанын өткізудің жалпы кезеңі шамамен 60 күн, оның ішінде, сайлау қорытындыларын шығаруға және нәтижелерді белгілеуге бөлінген күндерді есептемегенде 50 күнді құрайды.

Аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың әкімдеріне кандидат Қазақстан Республикасының азаматы болуы керек. Жасы 25-тен асқан, сонымен бірге, жекелеген мемлекеттік саяси лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келуі тиіс. Кандидат еңбек өтілі бойынша талаптардың 11 нұсқасының бәрине де сай болуы қажет. Алайда, мемлекеттік қызметте жұмыс тәжірибесінің болуы міндетті емес.

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

# 905-ші баспана берілді

«Көп тілегі – көл» демекші, халықты жұдырықтай жұмылдырып, ізгілікті жобаны іске асырып жүрген «Қарекет» қайырымдылық қорын білмейтін адам кемде-кем шығар. Қордың шарапатын көргендердің қатары күн санап артып келеді. Сондай жандардың бірі – Қарағанды қаласының тұрғыны Кенжегүл Мұқашева.

Сағыныш ӘБІЛ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

– Қарағанды облысы бойынша «Қарекет» қайырымдылық қоры бес жылдың ішінде 905 отбасыға баспана алып берді. Басты мақсаты – баспанаға мұқтаж отбасыларын тұрғын үймен қамтамасыз ету. Басты үш категория бойынша

өкілі Жанар Арстамбекова.

Жыл басынан бері қайырымдылық қордың қолдауымен Жарық станциясы, Балқаш, Теміртау қалалары мен Жаңаарқа ауданының жоғарыда аталған санатқа жататын отбасылар баспаналы болды.

– Үйден үй ауыстырып көшіп жүрдік. Өте қиын болатын. Кей жағдайларда мүгедек балаларың бар деп иелері пәтер беруден де



– біріншісі мүгедек және жетім балалары бар отбасы, екіншісі жалғыз басты ана мен әке, ажырасқандарына үш жылдан көп ажыраған және үш баладан көп отбасылар, үшіншісі жеті баладан көп баласы бар отбасыларға көмек көрсетеді. Осы жолы баспаналы болған отбасындағы үш баланың екеуінің мүмкіндігі шектеулі. Он бес жылдай пәтер жалдап келген жалғызбасты анаға толық жөндеу жөнделген, жиһазымен үш бөлмелі пәтердің кілтін табыстадық, – дейді қордың облысы бойынша

бас тартатын жағдайлар кездесті. «Енді, өз үйіміз бар. Ешкім шығындар, үйді босатындар» деп айта алмайды. Қуанышымда шек жоқ. Халыққа, «Қарекет» қорына алғысымды білдіремін, – дейді Кенжегүл Мұқашева.

Қанша жанның басты мұны баспанасын алып беріп, шексіз қуанып жүрген қайырымдылық қор «Ауыл аманаты» бағдарламасына орай, алдағы уақытта ауылдық жерлердегі баспанаға мұқтаж отбасыларға көңіл бөлуі жоспарлап отыр.

# Экологиялық акция өтеді



Қарағандыда 28 сәуірде Федоров су қоймасы мен жағалау аймағы балық аулау торлары мен қоқыстардан тазартылады. Бұл туралы Нұра-Сарысу облысаралық балық шаруашылығы бассейндік инспекциясы баспасөз қызметінің өкілдері хабарлады.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұған еріктілер, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің биология-география факультетінің студенттері, Нұра-Сарысу облысаралық балық шаруашылығы бассейндік инспекциясының және Қарағанды шаруашылығының ормандар мен жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мамандары, сондай-ақ, мемлекеттік қызметшілер қатысады. «Таза су қоймалары» табиғатты қорғау акциясы өңірде

дың тіршілік ету ортасын сақтау, табиғи көбею үшін жағдай жасау, сондай-ақ, балық шаруашылығы су айдындарын тазарту және жағалау аумақтарын тазарту.

Өткен жылы осы акция кезінде табиғат пайдаланушылар су қоймаларынан тастап кеткен 939 балық аулау құралдарын, соның ішінде жалпы ұзындығы 35,950 шақырымнан асатын балық аулау торларын алып шыққан. 200 шақырымнан астам жағалау белдеуі тұрмыстық қоқыстардан тазартылды. Жалпы салмағы 149,175 т. жиналған қоқыс тұрмыстық қатты қалдықтар полигонына



15 сәуірде басталып, 31 мамырға дейін жалғасады. Оның мақсаты – балық ресурстарын және олар-

шығарылды, су айдындарында арнайы қоқыс жинағыштар орнатылды.

# Донорлық трансплантация туралап тұр

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Бұл менталитетке байланысты деп ойлаймын. Жалпы мәйіттік донорлыққа қатысты жалған пікірлер көп. Және олар халық арасында қалыптастып қалды. Мәселен, дәрігерлер ағзаларды алу үшін науқасты аман алып қалмайды деп ойлайды. Дәрігер адам өмірі үшін соңына дейін күреседі. Орган керек екен деп, әрекетсіз тұрмайды. Ми өлімі диагнозы комиссиялық жағдайда қойылады. Дәрігерлер 24-36 сағат бойы бақылайды. Әр екі сағат сайын тестілеу жүргізеді. Ми өлімі адамның қайтыс болғанын білдіреді. Адам реанимацияда жасанды тыныс алдыру жағдайында жатады. Органдары аппаратпен ғана істеп тұрады. Бір-екі тәуліктен кейін олардың да функциялары жойыла бастайды. Себебі, барлық органдар миға тікелей байланысты. Егер адам тірі кезінде донор болуға ерік білдірмесе, туыстарынан сұраймыз. Көбінесе келіспейді. «Денесін кескізбеймін» дейді, діни тұрғыдан қарсылығын білдіреді. Алайда, барлық діни конфессияда ағза алмастыруға тыйым салынбаған, – дейді С.Шайсұлтанова.

Дін не дейді?

Бұл мәселеге қатысты Қа-

зақстан мұсылмандары діни басқармасы арнайы пәтуа шығарған. Трансплантация шаригатта рұқсат етілген болып саналады. Бірақ, бұл амал адамды қорламайтын дәрежеде белгілі бір шарттарымен толық орындалуы тиіс.

– Ағза деген аса қажеттілік болуы – бірінші шарт. Ағзаны өзге адамға салғанда отанын сәтті өтетініне кепілдік болу керек. Оны сынап көру мақсатында жасауға болмайды. Донордың денсаулығына зиян келмеуі тиіс және материалдық мақсат көздемеуі керек. Бірақ, ағзаны алып отырған адам өз еркімен сый беруіне рұқсат, – дейді ҚМДБ шаригат және пәтуа бөлімінің облыстағы жауапты маманы Жүсіпбек Шүгәйұлы.

Ағзаны мәйіттік донордан алу үшін адам нақты өмірден өтуі керек, яғни оның қайтыс болғандығы толық расталуы қажет. Мұнда да мұқтаждық басты шарттардың бірі болып қала береді.

– Ауыстыратын ағза ұрпақ тарату жүйесіне байланысты болмауы шарт және операция мемлекет тарапынан қатаң бақылауға алынған орында өтуі керек. Адам тірі кезінде өзі рұқсатын беріп кетуі қажет. Жалпы, қайтыс болған адамның донор болуы сауапты іс. Бір адамды өлімнен құтқа-

ру – барша адамды құтқарумен тең. Құранда Кім кісі өлтірмеген немесе жер жүзінде бұзақылық қылмаған біреуді өлтірсе, сонда шынайы түрде барлық адамды өлтіргенмен тең және кім оны тірілте, (өлімнен құтқарса) барлық адамды тірілткенмен тең» делінген, – дейді маман.

Заң не дейді?

Ал, заң бойынша органдарды сату мен сатып алуға, сондай-ақ, мәжбүрлеп алуға тыйым салынған. Дегенмен, Сәуле Талғатқызының айтуынша, әлемде ағза сату бойынша рұқсат етілген тәжірибе бар. Мәселен, АҚШ-та 1 млн. халыққа 40-45 донор қажет. Иран ислам республикасында мәйіттік донорлық 90%-ды құраса, Белоруссияда бұл 100%. Өткен аптада Мәжіліс депутаты Гүлдара Нұримова материалдық өтемақы үшін ерікті түрде туысы жоқ донорлардан бүйрек трансплантациялауға рұқсат беруді ұсынды. Бұл туралап қалған трансплантация саласына серпін, бүйрекке мұқтаж жандарға үміт бермек. Бұған қатысты Сәуле Шайсұлтанова «министрлік бұл мәселені қарастыруда» деп жауап берді.

Жалпы, Сәуле Талғатқызының айтуынша, республикалық трансплантация және жоғары техноло-

гиялық медициналық қызметтерді үлестіру орталығы мәйіттік донордың туыстарына материалдық ақы төлеу жайында ұсынысты бұрын да айтқан. Дегенмен, бүгінгі күнге дейін нақты шешім жоқ.

– 2020 жылы мәйіттік донор болуы үшін туыстарымен сөйлесу қажеттігін алып тастау туралы ұсыныс білдірдік. Алайда, ол кезде қолдау таппадық. Бүгінде сол ұсынысты қайта қарастыру жоспары бар. Яғни, адам өзі таңдау жасауы қажет. Оның еркі – негізгі шешім болуы тиіс, – дейді ол.

Кез келген адам көзі тірісінде мәйіттік донор болу не бас тарту туралы өз еркін білдіре алады. Оны eGov порталында, тіркелген емхана-сында жасай алады. Және ол таңдауын қанша рет өзгертсе де құқылы.

– Бүгінде 30 мыңнан астам адам өз еркін білдіріп, таңдауын жасаған. Оның 28 мыңға жуығы бас тартқан. Келіскен адам міндетті түрде донор болады деген сөз емес. Адам 60-тан асып қайтыс болуы мүмкін. Ондай жағдайда ол донор болуға жараммайды. Заң бойынша, 18-60 жас аралығындағы адам ғана донор бола алады, – дейді Сәуле Талғатқызы.

Трансплантация да, одан кейінгі қолдау да Қазақстанда тегін. Бастысы донордың табылғаны. Былтыр донор таппаған 320 адам күту парағынан мәңгіге алынды.





• МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

## Бильярдтың дамуы неге бәсең?

Облыстық кәсіпкерлер палатасының мәліметіне сүйенсек, Қарағанды қаласы бойынша бильярд ойнайтын 17 зал бар екен. Әрине, бұл алып қала үшін аз көрсеткіш. Осы санаулы залдың тек танымалына ғана жұрт бас сұғады. Олардың қатарында – «Duplet», «Олимп», «Camelot», «Residenz», «Billiard\_kz», «Своё», «Сорога», «Әлем», «Эгида» сынды бильярд залдары бар. Бірақ, бұл жерлерде тек бильярд қана емес, өзге де бизнес көзі болар дүниелер шоғырланған.

Жан АМАНТАЙ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

### Әлем чемпионы – қарағандылық

Бильярдтан 2015 жылдың чемпионы Әлібек Омаров Қарағандының тумасы. Қарағанды бильярдтың бастау алып, қатарға қосылған спортшылар аз емес.

– Қарағанды бойынша бильярд спортына еңбегі сіңген, бірнеше шәкірт тәрбиелеп баптаған мықты бапкер, бильярдтан спорт шебері Гинаят Әфсанаттың атқарған жұмысын айтпай кетпеске болмас. Бәріміз сол кісінің тәлімін алып қанат қақтық. Ол талантын ұштап, топқа қосқан танымал бильярдшының бірі осы қарағандылық Әлібек Омаров. Қазіргі таңда халықаралық дәрежедегі спорт шебері. 2015 жылғы әлем чемпионы. Ал, сол Гинаят Әфсанат тәрбиелеп, осы Әлібектердің соңынан ерген қарағандылық бүгінгі толқындар ол – Жәнібек Қазыбеков. Жәнібек Қазақстан чемпионы. Жуырда ғана Қазақстан кубогін жеңіп, жерлестерін қуантты. Небәрі 20 жасында осындай шыңды бағындыру бұл жалпы Қарағандыда бильярд спортының қарқыны қалай деген сұраққа жауап беріп тұрған секілді. Бүгінгі күні чемпионмыз Алматы қаласында тәжірибесін шындауда, – дейді облыстың бильярд спорт федерациясының президенті Қанат Қыстафин.

Сонымен қатар, федерация президентінің сөзіне сүйенсек, облыс бойынша Евгений Смирнов, Дмитрий Кирилов сынды бильярдтың жұлдыздары бар. Олар жылына төрт рет болатын Қазақстан кубогінде сайысқа түсіп жүр.

Қазақстанда бильярд федерациясы 1992 жылы құрылған болса, осы мерзім аралығында бильярдтан отандық спортшылардың жеткен жетістіктері де ауыз толтырып айтарлықтай. Біздің спорт-

шыларымыз әлемдік турнирлерге 2000 жылдардан бастап қатыса бастады. Содан бері Қазақстанда бильярдтан сегіз рет Азия, үш рет әлем чемпионаты өткен.

### Тастаяқтан пайда тақыл-тұқыл

Иә, облыс бойынша тасы өрге домалап-ақ тұр екен бұл ойынның. Республика көлемінде де тастаяқпен әуесқой айналысып, кейінде кәсіпқойлыққа көтерілген жүйріктер баршылық. Олардың қатарына Әлихан Қаранев, Дәурен Орынбаев, Қаныбек Сағындықов, Ернар Шымбаев секілді мықтыларды қосуға болады. Мысалы, Ернар Шымбаев халықаралық деңгейдегі жарыстарда бағын әлі сынап жүр.

Ал, Қарағандының қарапайым жұртшылығының тастаяққа көзқарасы қалай?

– Бильярд аса үлкен тактикалық, мұқият әдіс-тәсілді және шеберлікті қажет етеді. Кейде, қарсылас ойыншылардың психикалық ахуалы да бір-біріне әсер етуі ғажап емес. Ойын барысында бильярд үстелін айналып жүріп, бірнеше шақырым жүріп тастағанды да байқамай қаласың. Мұның өзі қан айналымға оң әсерін береді. Аса шебер ойнамасак та, әлдебір басқосуларда қолға кий алып тұрамыз. Бір айта кетерлігі, Қарағандыда тастаяқтан пайда тауып, асып-тастым деген жанды көрмедім. Бұған кәсіпқой деңгейдегі жарыстардың ұйымдастырылмауы, әлде арнайы айналысар бірлестіктің жоқтығы әсер ете ме, білмеймін. Әйтеуір, басқа қалаларға қарағанда Қарағандыда бильярд кенжелеп қалған. Көп келуші мұнда бір сағат, екі сағатқа ғана келеді. Ол орта есеппен 1500-3000 мың теңге пайда. Ал, күніне сол бірді-екілі кісіден басқа келуші келмеуі де мүмкін, – дейді «Camelot» бильярд орталығының басшысы Евгений Аврамчук.

### Бильярд ойнаған біртуарлар

Бильярдты ұлтымыздың біртуар тұлғалары ойнағаны туралы ел арасында аңыз етіп айтылады. Білуімізше, әйгілі ақын-жазушыларымыздың көбі тастаяққа тосырай қарамапты. Сонау бір

клуб болған. Қазір жоқ. Онда Беляев атындағы турнирлер ұйымдастырылушы еді. Бірде сол жерге Тілеген Әділов бауырым екеуіміз бардық. Біз барардан бірер күн бұрын бильярдтан турнир өтіп, Ақселеу Сейдімбек бас жүлде алған екен. Содан не керек, бар-



ФОТОГРАФИЯ АСЫН Ш. АХМЕТКЕВОВА

жылдары Қарағандыда өткен халықаралық бильярд турнирлері де еміс-еміс болса да, ел есінде. Ал, сол турнирлерде бас жүлдені Ақселеу Сейдімбектің алғанын, қазақтың Қадыр Мырза Әлінің осында әдейі келіп, ойнағанын бүгінде біреу білер, біреу білмес. Осы күні тастаяқты тәуір ойнаушының бірі – ақын-жазушы Серік Сағынтай.

– Бильярдты бір кісідей ойнаймыз. Шығармашылық адамының жанына жақын ойын десем артық емес. Ойлануға, ой жинауға, ой қорытуға таптырмас құрал. Бильярдты екінің бірі ойнай бермейді. Оны ойнаған жан-ның жаратылыс танымы да өзгеге ұқсамайтын ерек келеді. Мына Оңтүстік-Шығыс ауданында «Созвездие» деген бильярд ойнайтын

сақ, тағы сол көлденең көк үстелдің үстінде шар қағыстырған қалың қауым. Тілеген менен бұрын кіріп кеткен. Бір кезде «Секе, мында қараңыз», деп түрте берді. Қарасам, Қадыр Мырза Әли, Жанарбек Әшімжан ағаларымыз жүр арасында. Иә, одан бері бірнеше жылдың жүзі шайылды. Қазір сол Қадыр ағалардан есті естеліктер ғана қалды. Қазақтың Қадыры да ойнаған бұл бильярдты, – дейді Серік Сағынтай.

Тағы бір сыр ашар болсақ, бильярд десек, «Қазақстанға бильярдты әкелген – Ғабен» деген сөзді жиі естиміз. Аға буын өкілдері, оның ішінде, ақын-жазушылардың айтуынша, Ғабит Мүсірепов бұл ойынды сүйіп ойнаған көрінеді. Себебі, тұлғаның ойынша, бильярд шығармашылық

адамдарына мотивация береді хәм ой-өрісін кеңітеді. Бүгінде елімізде Ғабит Мүсірепов атында республикалық турнир өтіп тұрады. Ал, Ғабит Мүсіреповтің пайымы бүгінгі қазақтың бильярд сүйер қауымына өсиет әрі бой түзер ұранға айналды.

Бұдан аңғарғанымыз, ақын-жазушыны бұл ойын магнитше тартады екен. Өйткені, ардагер журналист Сүйіндік Жанысбайдың да бильярдты сүйіп ойнай-

«Qazbar09» секілді залдарға барып жүрміз. Ойын алаңдары кен, әрі өзіміз құраллы кісілер көп келеді. Солармен әңгіме құрып, шар жарыстырған бүгінде бір ғанибетке айналды, – дейді Сүйіндік Жанысбай.

### Денсаулыққа пайдасы зор

Расында, бұл сөздің жаны бар. Дәрігерлердің айтуынша, денсаулыққа пайдасы айтарлық-ақ.

– Тастаяқ ойыны физикалық тұрғыдан жақсы сезінуге арналған ингредиенттерге толы. Өз басым, әріптестермен жиналғанда ойнағанды ұнатамын. Шынында да, бильярд ойнаған кезде сіз тыныс алуыңызға назар аударасыз. Бұл ойынның дененіздегі булшық еттерге, сондай-ақ, оның тепе-теңдігіне ықпалы бар. Кейде үстелдегі шарға жету үшін бір аяқпен тұруға немесе, тіпті, әдеттегіден бөлекше қозғалуға тура келеді. Сондай-ақ, тастаяқ ойнау йоғаға ұқсайды. Сіз ойында жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін дененің бен ақыл-ойыңызды тындайсыз. Дене санаға бағынады да, кез келген икемге ыңғайланасыз. Осы кезде адамның сүйектері мен буындары иіліп-бүгіліп, жаттығу жасайды. Бұл болса, түрлі аурулардың алдын алады. Бильярд – әуелден танып, біліп ойнауды талап ететін ойынның бірі. Тастаяқ ойыны бізде кенжелеп тұр. Осы бір ойын түрін кәсіби тұрғыда меңгерген мамандар жетіспейді-ақ, – дейді Х.Мақажанов атындағы көпбейінді аурухана функционалдық бөлімінің меңгерушісі Ерлан Тұрағұлұлы.

Ойынды бір сағат мұғдарында ойнаған қатардағы қарапайым адам да мұны сезіне алады. Күні бой креслода отырып, жауырыны қарысқан жанның құрыс-тырысы жазылып, бойы сергиді. Ойыншылардың көбінің айтуынша, тамақ тарқатуға да пайдасы зор. Кардио қозғалыс жиі болғандықтан, адам баласының ішкі құрылысы қозғалып, ішкен-жегені бойға жедел түрде сінеді деседі.

Дегенмен, бізде оның әлі де бағы қалыпқа түсіп, қанат жая алмай тұрғаны анық. Қарағандыдағы ахуал дәл соны айғайтады. Арагдік өткізілетін турнирлер тастаяқтың тасын өрге домалата алмай келеді. Осы орайда, қала мәдениеті мен спорты және тағы басқа сан салада жүрген тастаяқ сүйер қауымға үндеу салып, турнирлер ұйымдастырылса, жалпы, облыс орталығында бильярд клубтарының саны көбейіп, сапасы артса, нұр үстіне нұр болар еді-ау...

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

## Қылқалам шеберімен кездесті

№6 жалпы білім беретін мектепте жаратылыстану-математикалық пәндер бірлестігінің онкүндік жоспары аясында «Сегіз қырлы, бір сырлы» тақырыбында КСРО және ҚР Суретшілер одағының мүшесі, ҚР еңбек сіңірген өнер қайраткері, қылқалам шебері Мұрат Қалқабаевпен кездесу өтіп, сырлы сұхбат өрбіді. Аталған шара қалалық білім бөлімінің «Өнегелі өмір» атты жетістік пен табысқа жеткен адамдармен кездесу жобасы аясында ұйымдастырылды.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жетістік пен табысқа жеткен тұлғалардың іс-тәжірибесімен, бейнесімен танысу арқылы жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру және кәсіби бағдарлау мақсатында өткізілген сыр-сұхбатқа мектептің 9-11 сынып оқушылары қатысты. Көркем еңбек пәнінің мұғалімдері Манай Хахаш пен Нұршаш Самихан ұйымдастырған шараның мән-мазмұны айрықша.

Сондай-ақ, аталған шараға зиялы қауым өкілдері, ғалымдар, педагогика саласының ардагерлері, ақындар, жазушылар, өнер қайраткерлері мен кәсіпкерлер қатысты.

Кейіпкер Мұрат Қалқабаевтың суретшілік өнері тереңнен тамыр тартады. Өмір жолынан сыр шертсек. Шымкент қаласының маңындағы Алатау тауының бөктерінде орналасқан Оңтүстік ауылын «Суретшілер мекені» деп те атайды екен. Осы бір шағын ауылда туған он жеті адам ҚР Суретшілер одағының мүшесі қатарына енген. Олардың ішінде Т.Тоғысбаев, Е.Төлепбаев, М.Бекенов, Е.Айтбаев, К.Тынысбеков, Ж.Сағымбеков,

ағайынды Мұрат пен Қанат Қалқабаевтар да бар.

Мұрат Қалқабаев 1948 жылдары, жер мен көктің тыныштыққа бөленген, талантты жастардың еркін самғауына қанат біткен



кезеңінде дүниеге келген. Отбасында баланың ересегі болған ол балғын шағынан ауыл балаларының күнделікті тірлігіне жата-

тын мал жаю, оны күту, сугару, үй шаруашылығына көмектесу секілді жұмыстарды атқарды. Сол кездің өзінде болашақ суретші, қоршаған ортаның, тылсым ғаламның күдіретін сезіп, өзі көрген көріністерді қағаз бетіне түсіріп, ағаштан ойып бейнелер жасаған. Ерекше тәсілдерді жасап, үлкендерді таңғалдырудан жалықпаған екен.

Бұл қасиет әжесінен жұққан көрінеді. Әжесі он саусағынан өнер тамған адам болыпты. Әжесінің жамаған текемет, сырмағын

болашақ суретші текемет, сырмақ және гобелен жасаудан бастапты.

Қадірлі қонақ Мұрат Қалқабаев сұхбат барысында мектеп оқушыларының толғандырған сұрақтарына тұшымды жауап беріп, мектеп кітапханасына өзі жүріп өткен өмірі жайлы жазылған естелік кітабын сайға тартты. Оқушылар кездесуде тамылжыға ән салып, келген қонақтар тамсанып қайтты.

Мектеп директоры Мұратбек Сүлейменов: «Әрбір адам өзін өсіріп тәрбиелеген еліне, халқына пайдалы іс жасап, елінің, халқының алдындағы перзенттік парызын адал орындау керек. Бұл мақсатқа жету үшін ұлдарымыз бен қыздарымызды халқымыздың белгілі тұлғаларының өмірінен, елге сіңірген еңбегінен үлгі алуға тәрбиелеуіміз керек. Сондай тұлғалардың бірі – Мұрат Қалқа-

• БАСПАСӨЗ – 2023

## Газет оқырманымен ғұмырлы

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Газет – халықтың көзі, құлағы хәм тілі» деген сөзді айтқалы бері қағаз басылым талай ұрпаққа бағыт-бағдар берді. Оның бірі – Арқа өңіріндегі ақпарат тарату ісінің басында тұрған, 90 жылдық тарихы бар «Ortalyq Qazaqstan» газеті. Басылым осы уақыт ішінде жолынан жаңылмай, үрдісін жалғастырып, оқырманынан бір елі ажыраған емес. Оқырмандар да басылыммен бірге екенін білдіріп хат жазып тұрады. Бүгінгі хат несі Балқаш қаласы Әлихан Бөкейхан атындағы №15 мектеп-лицейі директорының оқу-ісі жөніндегі орынбасары, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Камшат Тлеубекова басылымды тұрақты түрде жаздырып алатынын айтады.

Нұрдо КӘРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

– Қазір ұрпақ ауысып, технология дамып жатқан кезең. Біздің қатарларымыз, ересектер жағы «Ortalyq Qazaqstan» газетінің тұрақты оқырманы. Мен бала күнімнен осы басылыммен дос болдым. Оның себебі неде? Өйткені, біздің Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауылында шопанға дейін газетті жаздырып оқитын еді. Әкем Жарылқаған Тлеубеков жеке кәсіпкер болып еңбек етті. Әлі күнге дейін «Ortalyq Qazaqstan» газетіне жазылып оқиды. Анамыз Мағзура Рахымберлина бізге газеттегі мақалаларды оқытып, өзі тындайтын. Жас буын туралы мақалалар жиі басылатын, олардың әдебиетке құштарлығы, өлеңдері, хабарлары көбірек берілетін. Бұл үрдіс бүгінгі күнге дейін отбасымызда үзілген емес. Бұрындары газет үйге келіп тұратын. Қазір Әлихан Бөкейханов атындағы №15 мектеп-лицейіне жаздырып, оқимын. Газеттің «Шамшырақ» беті ұстаздар



қауымының мінберіне айналған. Жас кезінен басылымға жақын болған ұрпақ ертең одан қол үзбейді. Жасыратыны жоқ, газетке жазылып, тұрақты оқырманы болу да сол басылымды өмірден етеді. Сол себепті, мен әріптестерімді облысымыздың төл басылымына жазылуға шақырамын. XX ғасырдың басындағы қазақ интеллигенциясы ұстаздар қауымы. Олардың барлығы газетпен тығыз қарым-қатынаста болды. Біз шәкірттерімізді осы бағытта жұмыс жасауға, газетпен дос болуға шақырамыз, – дейді Камшат Жарылқағанқызы.

БАЛҚАШ



• ЖОЛСАПАР ЖАЗБАЛАРЫ

# Түркі әлемінің тұлғасы

## Темірбек Жүргеновтің жарының есімі ардақталды

2023 жыл «ТҮРІКСОЙ» ұйымының бастамасымен түркі әлемінде Ұлт руханиятының көрнекті өкілі, мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына орай «Темірбек Жүргенов жылы» болып жарияланды.

Сәуір айының шуақты күндерінде Қызылорда қаласында аз ғана ғұмырында Қазақ қоғамының дамуына өлшеусіз үлес қосқан аңыз адам, тарихи тұлға Темірбек Қараұлы Жүргеновтің 125 жылдығына арналған халықаралық деңгейдегі мерейтойлық шаралар дүркіреп өтті.

Бүкіл Түркі дүниесі назар аударған дүбірлі салтанатқа Қызылорда облысы әкімдігінің шақыруымен және Қарағанды облысының әкімі Е.Бөлекпаевтың қолдауымен құрамында Ақтоғай ауданы әкімінің орынбасары А.Аманжолов, Ақтоғай ауданы мәслихатының төрағасы Р.Әбеуов, Д.Ермекова-Жүргенованың тәрбиесін алған жақын туысы Б.Балмағамбетова бар, Қарағанды облысының арнайы делегациясының құрамында мен де қатысып қайттым. Алаш қайраткерлерінің, қазақтың тарихи тұлғаларының, Ә.Ермеков пен Д.Ермекова-Жүргенованың өмірін зерттеп әрі насихаттап жүрген қайраткер, ақын ретінде арнайы атымыз атап шақырған ұйымдастырушыларға алғысымды білдіремін.

Алаштың анасы атанған киелі Сыр елінің топырағына табанымыз тиген сәттен: «Арқадан Дәмеш әжеміздің төркіндері, құдаларымыз келді!» – деп қазақи қонақжай көңілмен қарсы алып, күні-түні ықпалына бөлеген Т.Жүргенов және Жаңағала ауылының азаматтары мен Жаңағаш ауданының басшыларының құрметін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Керемет ынтымақ! Бірлігі жарасқан ұлттық болмыс! Меніңше, біз ұрпаққа ең алдымен осыны үйретуіміз керек.

Т.Жүргенов атындағы №136 мектеп-лицей жанындағы Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйдегі кездесулерде Сыр елінің Алаш тарихы мен қайраткерлеріне, солардың насихатшылары мен зерттеушілеріне деген құрметіне куә болдық.

«ТҮРІКСОЙ» ұйымының Бас хатшысы С.Раев бастаған Халықаралық ұйымдардың өкілдері, Қарағанды, Ақтөбе, Түркістан облыстарынан және Алматы, Астана қалаларынан делегациялар, елімізге танылған мәдениет, өнер, қоғам қайраткерлері қатысқан дүбірлі мереке Қызылорда қаласының орталығынан Т.Жүргеновтің жұбайы Дәмеш Ермекова-Жүргенованың атындағы көше мен ескерткіш таяқтың ашылу салтанатынан басталды.

Салтанатты жиынды облыс әкімінің орынбасары Н.Сақтағанов ашып, Дәмеш апаның келіні Б.Төлегенова естелік айтып, Т.Жүргенов қорының төрағасы С.Ансаев лебізін білдірді.

«Бүгін ерекше күн. Дәмеш Жүргенова көшесінің ашылу салтанатына облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлы мен Сыр бойы жұртшылығы атынан қош келдіңіздер дейміз!

1937-1938 жылдарды еске алсақ, қазақтың небір асыл тұлғаларының басына қара бұт үйірілген заман еді... Сол қиындықта білікті де білімді аналарымыз, арыстарымыздың жұбайлары құдалауға, репрессияға ұшырады. Соның бірі қазақ қыздарының арасынан суырылып шыққан білімді, білікті тұлға медицина саласының үздігі, Алматы қаласының Құрметті азаматы Дәмеш апамыз еді. Оның еңбегі мен өмір жолы – бүгінгі жас ұрпаққа өнеге.

Жолдасы Темірбек Жүргенов атылған 1938 жылдан бастап, Алжир түрмесінде сегіз жыл азапты өмір кешкенін білеміз... Мектепті үздік бітіріп, Ташкенттегі Орталық Азия мемлекеттік университетінде білім алды. Сол білім ордасында сабақ берді. Сонда жүріп біздің аяулы ағамыз Темірбек Жүргеновпен отау құрды. Өкінішке қарай, Темірбек Жүргенов атылғаннан кейін Дәмеш апамыздың азапты өмірі басталды. Тек 1946 жылы ғана ол кісі ақталып шықты. Бірақ өзінің қажыр-қайраты, болашаққа деген сенімі жолдасының жақсы атын шығарам деген үмітін өшірмеді. Ақталып шыққаннан кейін Сталинге, Сусловкаға, басқа да құзырлы орындарға хат жазып, жарының қандай азамат екенін дәлелдеу үшін күресті. Дәмеш апамыздың қажырлы еңбегінің арқасында 1957 жылы Темірбек Жүргенов толық ақталды. Халықтың өшкені қайта жанды, өлгені қайта тірілді. Тәуелсіздіктің арқасында тарихи әділдіктің орнауына қол жеткіздік», – деді облыс әкімінің орынбасары.

Дәмеш апамыздың туған жері – Арқа елінің алғысы мен Қарағанды облысының әкімі Е.Бөлекпаевтың ыстық сәлемін Ақтоғай ауданы мәслихатының төрағасы Р.Әбеуов жеткізді.

«...Қарағанды облысы, Ақтоғай елі – Сыр елінің бас қаласының бір көпесіне аты беріліп жатқан Дәмеш Ермекованың туған жері, кіндік қаны тамған топырағы... Енді бүгін өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанып, қайтадан бір ұлы істің бастауы басталып тұр. Ол – Алаш арыстарының жан-жарларын құрметтеу... Дәмеш Жүргенованың атындағы көшенің ашылуы – соның бір ай-



Көшеге қойылған ескерткіш тақта

ғағы», – деді Р.Әбеуов.

Жасыратыны жоқ Дәмеш Әмірханқызы Ермекова-Жүргенованың Қарағанды облысы Ақтоғай ауданындағы Былқылдақ өзенінің бойында туғанын (Қызылорда ауылдық округіндегі әкесі Әмірханқызы кыстауында әлі де ел тұрып жатыр), «халық жауының» әйелі болғандығы үшін 8 жылға сотталып, босағаннан кейінгі 12 жылы Бурабай шипажайында, Қарағанды

ғылыми ынтымағын нығайтып, «халықтық дипломатияның» мүмкіндіктерін пайдалануды және конференцияның тұжырымдамасына енгізілген пайымды ұсыныстарды тиісті орындарға жеткізуді ұсындым.

Себебі, Т.Жүргенов және Алаш қайраткерлерінің рухани бірлігін түбегейлі зерттейтін кез келді.

Мысалы, Т.Жүргеновтің туысы, Алашорда үкіметінің мүшесі, Ә.Бөкейханның



Д.Ермекова-Жүргенова атындағы көше мен ескерткіш таяқтың ашылу салтанаты

каласындағы өкпе аурулары ауруханасында фтизиатр дәрігер болып қызмет істегенін Алаш жұрты, тіпті қарағандылықтар мен туыстарының көбі, облыстық деңгейдегі кейбір басшылар да біле бермейді.

Мерейтойлық шаралар Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде мемлекет және қоғам қайраткерінің 125 жылдығына арналған «Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі» тақырыбында Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциямен жалғасты.

Профессор Қылышбай Бисеновтің ұсынысымен Қорқыт ата университеті жанынан «Жүргеновтану орталығы» ашылып, зерттеуші ғалымдарға Т.Жүргенов атындағы грант тағайындалатын болды.

Конференцияда «Т.Жүргенов және Алаш қайраткерлері» тақырыбында зерттеу жұмыстары мен жобаларды жүзеге асыруды және Т.Жүргенов пен Д.Ермекова-Жүргенованың қайраткерлігін жас ұрпаққа насихаттауда Қарағанды және Қызылорда облыстарының мәдени-рухани,

идеялас серіктерінің бірі Телжан Шонаұлы Тоқырауын болса да (қазіргі Қарағанды облысының Ақтоғай ауданының жері) мұғалім болып қызмет істеді деген нақты дерек бар. Алайда, осындай тарихи құнды ақпаратқа тарихшылар әлі де толық назар аудармай келеді.

Ең бастысы, Темірбек Жүргеновтің Алаш көсемдерінің идеяларын іске асырушы, қазақ халқының тұғырлы мемлекет болуы үшін арпалысқан тұлға екені түбегейлі зерттелмей жатыр.

Нақтырақ айтсақ, Темірбек Жүргенов 1936 жылғы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнері онкүндігінде Кеңес үкіметінің бастылығына жасампаз мәдениеті мен өнері арқылы рухы өлмейтін қазақ ұлтының бар екенін дәлелдеді. Онкүндіктен кейін 1936 жылдың 5 желтоқсанында Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы болып қайта құрылып, дербес Республика атандық. Осының арқасында 1991 жылы Кеңес Одағы тарағанда жеке дара мемлекет болып Тәуелсіздік жариялауға мүмкіндік туды.



«Комиссар Жүргенов» романының тусуәкесері

...Егер де бұрынғы автономиялық статус күйінде қалғанымызда, Башқұртстан мен Татарстан сияқты Ресей құрамында қалып қойған болар едік. (Академик Мәмбет Койгелді).

Конференция аясында жазушы Бейбіт Қойшыбаевтың «Комиссар Жүргенов» деректі романы таныстырылып, «Қазақ руханиятының жарық жұлдызы» тақырыбында арнайы кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Дәмеш апайдың тәрбиесін алған жақын туысы Б.Балмағамбетова Д.Ермекова-Жүргенова туралы естеліктерін айтып, Т.Жүргенов тойын өткізуге ерекше еңбек сіңірген С.Ансаев ақсақалға, Сыр өңіріндегі іс-шаралардың жоғары деңгейде өтуіне ықпал еткен Қызылорда облысының әкімі Н.Нәлібаевқа және игілікті іске қолдау жасаған Қарағанды облысының әкімі Е.Бөлекпаев пен Ақтоғай ауданының әкімі Р.Кенжебековке Дәмеш Ермекова-Жүргенованың туыстарының атынан алғыс білдірді.

Сыр еліндегі мәртебелі тойда Н.Бекжанов атындағы Қазақ музыкалық-академиялық драма театрында Р.Отарбаевтың «Нарком Жүргенов» қойылымы мен «Жыр арқауы – Жүргенов» атты республикалық жыр мұшәйрасының қорытынды кеші өтті. Жазба ақындар мұшәйрасының Бас жұлдісі қазылар алқасының шешімімен «Зергер һәм Балдақ» атты өлеңі үшін Сыр бойының ақын қызы Мөлдір Айтбайға берілді.

Ақындардың Дәмеш апайдың рухына арнаған жыр жолдарын тыңдап отырғандықтан оның мына естелігі ойма түсті: «...Үйдегі анаммен әрең қоштасып үлгердім. Құлymbетовтің, Садуақасовтың, Сырғабекөвтің әйелдері де қамалды. Түрмеде отырып үнісіз жылағанымызда,

• ХАТ ҚОРЖЫНЫНАН

# Туған тіл тұғырына қонсын

Қазір ана тіліміз жайында мақалалар аз жазылып жатқан жоқ. Жақында былтырғы «Ortalyq Qazaqstan» газетінде Жанар Қасқатаева қарындасымыз жазған тіл мәселесі жайында мақаланы тағы бір рет оқып шықтым. Онда қазіргі қоғамда қазақ тілінің өрге баспай жатқаны жайында ашық және шындықты бүкпелемей ашып айтқан. «Басында егемендік бола тұра, тіліне егемендік бере алмай жүрген қазіргі қоғамдағы кейбір жандар бұл сөздің парқына жете алмас» деп бұқпантайсыз мәселені төтесінен тастаған. Тіл туралы Заң күшіне еніп, Ата Заңымызға лайық Тәуелсіз мемлекет болғанына да біраз жылдың жүзі болды.

Алайда, өз ана тілімізге келгенде күмілжіп қаламыз, неге олай? Бұрынғы КСРО келмеске кеткен. Ашығын айтқанда, ана тілімізге, яғни, мемлекеттік тілге толығымен көшетін уақыт келді. «Халықаралық саяси арена түсінісін» деп ресми орыс тілінде сөйлеуді доғару керек. Қазір қазақтың саны бұрынғыдай емес, 70% қазақ өз жерінде, сан жағынан келгенде кем де емеспіз. Қазақ тіліне теорияны қойып, практика жүзінде көшу керек. Теледидар мен кейбір жаңадан ашылған қазақша курстар бар. Олардың 30 жылда қазақшаны оқытқандағы нәтижесі шамалы... Сондықтан қазақ жерінде қандай этнос болмасын, мемлекеттік тіл – қазақ тіліне көшуі керек.

Шынын айтқанда, барлығымыз қазақ жерінде тұратын барлық қазақстандық бір-бірімізбен қазақша сөйлесуіміз керек. Сонда ғана ана тіліміз алға басады, дамиды. Біздің ана тілімізде дүние жүзіне танымал, классик ақын Абай атамыз қазақтың от ауызды, орақ тілді, үш жүздің билері мен шешендері, үш-ақ ауыз сөзбен екі елдің мәселесін шешіп отырған. Ел менен елді келістіріп, бітімгерлікке шақырып, жақсы одақ құрып, басын біріктіріп, ымыраға келтіріп отырған. Ол Төле би, Қаздауысты Қазыбек би, Әйтеке би бабаларымыз соңындағы ұрпағына өлмес өсиет, нақыл сөздер қалдырып кеткен.

Үш жүздің басы қосылған жиындарда Абылай ханның ақылшысы әрі кеңесші дипломат Бұқар жырау бабамыз да халқының жоғын жоқтап, оларды ерлікке, елдікке, бірлікке шақырып отырған. Өзінің өсиетті жырларымен халықтың мұң-мұқтажын айтқан.

Қасым Аманжолов, Мұқағали Мақатаевтар да ана тілінде жыр жазып, соңына өлмес сөз қалдырған. Тәуелсіздік алғалы басқа этнос өкілдеріне емін-еркін орыс тілінде сөйлеуге ерік бердік. Енді, өз ана



тіліміздің жоғын жоқтап, жағдайын ойлауымыз керек. Алға басып тұрған қазақ тілін дамытып, кіммен болмасын өз ана тілімізде сөйлеудің қажет. М.Мақатаев: «Кей-кейде дүниеден түңілсем де, касиетті тілімнен түңілмедім», – деп жырлағандай, қазақ жерінде тұратын ұлттың барлығы ана тілімізді білуі керек. Дәл қазіргі уақытта ана тілімізге толық көшпесек, кейінгі ұрпақ бізді кешпейді. Әрбір қазақ азаматының намысы, ана тіліне деген құрметі болу шарт. Ана тілімізді қорламай, қадірлеп әрі қолдануымыз тиіс.

Кеңес Одағының 1930 жылдары Ресейден Қарқаралы жеріне күштеп қоныс аударылғандар келген. Әрі неміс ұлты да сол жылдары қазақ жеріне қоныс аударған. Жергілікті халықпен әбден сіңісіп, ағайындай болып, бірте-бірте қазақ тілін үйреніп алған. Олардың өзі мақалдап, мәтелдеп қазақша сөйлегенде бізді жаңылыстыратын. Сол сияқты біз де ана тілімізде сөйлеп, бір-бірімізбен етене жақын араласуымыз керек.

Елімізде өмір сүретін өзге этнос өкілдері біздің тілімізге қарсы емес, керісінше қоштайды. Оларды алға жетелеп, үйретуіміз керек. «Өзіңді-өзің сыйласаң, жат жанынан түңілер», – дейді қазақ, бір-бірімізбен әрі олармен ана тілімізде сөйлесіп тұрсақ, олар бізден кет әрі емес. Сондықтан, ойланайық...

Мұрат ЖАНЫСБАЕВ, зейнеткер

ҚАРАҒАНДЫ

Қуаныш МАКСУТОВ, ақын, бард, халықаралық, республикалық ақындар айтысы мен фестивалдардың лауреаты, Қазақтың Сары Тентегі





• АРДАГЕРЛЕР АРАМЫЗДА

# Ұлағат тұнған бір ғұмыр

Жұмыс аптасының берекелі бейсенбісі еді. Кабинетке самайы ағарған, бірақ еңсесі тік бейтаныс адам келді. Қысқа амандық-саулықтан соң ол кісі «Ғалым Асқар Жұмалдіаевтың «Адамға ең жақын, ең керек екі мамандық – мұғалім мен дәрігер. Менің білуімше, Сіздің білуіңіше де солай болуы керек» дегені бар-ты. «Ал, ұстаздық пен дәрігерлікті ғұмыр бойы қатар алып жүрген жанды естүіңіз бар ма еді? Ендеше, таныс болыңыз – Нөсербай Асылбеков», – деп бірқатар деректерді қолыма ұстатты...

✎ Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»



...Ол өз өмірінің 55 жылын дертке шалдыққан қамқөңіл жандардың саламаттығына арнады. 1943 жылы Қарқаралы ауданы Бесоба ауылында дүниесігін ашты. Жастайынан жақсы тәрбиені бойға сіңірген естияр жігіт «жұртыма кайтсем пайдамды тигіземін» деп толғанды.

– Негізінде, агроном болуды көксеген едім. 1962 жылы алақандай Бесоба ауылынан арман арқалап қала келдік. Отбасының жағдайына қарасып, толғана келе Қарағанды мединститутын тандадым. Былайғы ел есімді қысқартып Нөсер дейтін. Оқуымды тәмамдап, Шет аудандық ауруханасына жолдамамен келген едім. Анамды қолыма алдым. 1967 жылы Қамаш Қабдоллақызымен дәм-тұзымыз жарасып, отау құрдық. «Ауылдың Айболіті» болу біле білгенге денсаулық сақтау саласының ең ауыр да жауапты міндеті еді. Ол жылдары ауыл халқы дәрігерлерге зору кез еді. Қараша ғұмыр кешкен елдің арасында жүріп, тәжірибе жинақтадық. Ер-азамат қаншалық қатал шартта жетілсе, осыншалық күшті, қайтпас әжет болары аян. Мұнда медициналық қызметтің барлық саласында бірдей жұмыс істеуге тура келетін, – дейді қарт дәрігер тебіреніп.

\*\*\*

Арада үш жыл өтті. Нөсербай Садырбекұлының Қарағандыдағы №4 қалалық ауруханасына лор-дәрігер болып ауысқан кезі. Құлақ, мұрын, тамақ ауруларының дауасын тамыршыдай тап басып, ем қылудың қыр-сырлары әлі күнге дейін толық ашылмады. Бұл сала асқан ептілік пен шыдамдылықты талап етеді. Байқасаңыз, маңдай тұсына дөңгелек айна тағып алатын ақ халатты абзал жандарды лор-дәрігер дейміз. Шәкіртінің талабын байқаған профессор А.Брохман 1972 жылы Нөсербайға клиникалық ординатураға түсуге қолқалайды. Жылдардың легі жылжып, білімі мен білігі толысып қалған шәкіртін ұстазы 1976 жылы мединститутқа дәрігер-лабо-

рант, ассистенттік қызметке шақырады. Сол бір естен кетпес елесулі жылдардан бүгінге дейін қазір университет атанған жоғары білім ошағының Оториноларингология кафедрасында жемісті еңбек етіп келеді. 1985 жылы диссертациясын сәтті қорғап, ғылым кандидаты атанады. Ал, 1990 жылы доцент атағын еншілейді. Тумысынан атак, мансап, билікке құмар болмаған осы бір аяулы жанды тағдыр өзі сый мен құрметтен кенде қылмады. Нөсербай Асылбеков дегенде көз-көргендер оны бірден «ұстаз-ғалым» деп ардақтап тұрады. Ардақ тұтар жөні де бар. Тәу етер Тәуелсіздік жылдарында ана тіліміздің тұғырына қонуына талмай еңбек етті. 45 ғылым әдістемелік оқулықты туған тілде сөйлетіп, баба тілдегі медицина ғылымының сап басында тұрғандардың қатарынан орын алды. 2015 жылы академик В.Пальчунның редакциясымен «Оториноларингология» оқулығы аударылған. Науқастарды емдеуде жаңа емдеу әдістерін қолдана жүріп, стационарлық емделіп жатқан науқастарға консультациялық көмек көрсетумен келеді. Емдеу кезінде ауылдық және қалалық жерлерде көшпелі консультациялық жұмысты жүзеге асырды, шұғыл көмек көрсету кездерінде де талай сырқатқа шалдыққандардың дертіне дауа тапты. Н.Асылбековтің ғылыми-зерттеулерінің нәтижелері 58 баспа жұмысында жарияланды.

\*\*\*  
Медицина алдымен гуманитарлық сала екендігін ұмытпаған абзал. Жанымен алысқан жарымжандарға арашашы болып, дертіне ем табу екінің бірі, егіздің сынарының қолынан келе берерлік іс емес. Кәсібін коммерцияға айналдырмай, риясыз жақсылық қылу санаулылардың қолынан келмек итілік болса керек. Содан шығар, Нөсербай ақсақал бүгінде сексеннің сегіріне бір табан жақындаса да ғылым мен ізгілік жолында талмай еңбек етуде. Бүгінде ол – Қарағанды медициналық университетінің қауымдастырылған профессоры. Облыстың қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысқаны. Жаңа қазақстандық қоғам құру ісіндегі жеке еңбек пен шығармашылық үлестері үшін Нөсербай Асылбеков Қарағанды облысы әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Қазақстан Республикасы денсаулық министрлігінің «Еңбек ардагері» медалінің иегері.

\*\*\*

Доктор Нөсербайдың былайғы жетістіктері мен марапаттарын санап берсек, патша көңіл оқырманымызды зеріктіріп жіберуіміз бек мүмкін. Түпкі мақсатымыз да ол емес еді. Айтпағымыз, осы бір қайратты жан – күніне 12 сағат талмай еңбек ететін жанкешті адам. Фәни дүниенің көптеген нығметтерінен саналы түрде бас тартып, болашақ дәрігерлерді тәрбиелеу жолында әлі де мекхаттанып келеді. Өзінің кәсіби деңгейін үнемі арттырып отырады, жас кадрларды, интердерді, клиникалық ординаторларды даярлау ісіне үздіксіз қатысуда. Ол орындаушылық пен сеніп тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімімен ерекшеленеді. Ұжымда ерек құрметке ие.

Сексеннің сегіріне келгелі отырған, дәрегейіндегілерге дәріс беретін жоғарғы санаттағы дәрігер әлі де тың қалпында. 60-қа тарта ғылыми жұмыстардың авторы. Адамдарға қызмет қылу Отанға қызмет қылуға пара-пар екендігін бұл азамат өз ғұмырымен көрсете алды. Елінің мүддесін өзінің жеке мүддесінен жоғары қойды. Кез келген адам есімінің артында оның мінген көлігі мен қиған киімі, дәулеті, мансабы емес, елге қылған еселі еңбегі тұратыны пымшықтай шындық. Қадірменді замандас, ұлағатқа арналған бір өмірді өзгелерге өрнек болсын деген риясыз ниетпен қолымызға қалам алған едік. Әрбіріміз өзімізге сеніп тапсырған істі тап-тұйнақтай атқара білсек екен деген онегелі мысал. Жақсылықта жарысып, жаранға жақсы деген атпен қалған дәріскер дәрігерге «ғасыр жасаңыз» деген рөушете сөзімізді тәмамдаймыз.

• МЕРЕЙ

# Әлжантегінің ақзер әлемі

Ж.Бектұров атындағы Қарағанды облыстық жасөспірімдер кітапханасында Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, жазушы, драматург Төкен Әлжантегінің мерейлі 70 жасына орайластырылған «Жазушының жарқын әлемі» атты әдеби-танымдық кеш өтті.

университетінің I курс студенті Әбдірасул Жарқымбай «Жаңаарқа вальсі» әнін орындаса, кітапхана аясындағы «БОТА» орталығының мүшелері Бекзат Берістем, Мөлдір Лияс, Ерболат Орынбасар қазақ ақындары-



Тағалымға толы шара барысында Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, журналист Сүйіндік Жанысбай мен ақын Ерканат Кеңесбекұлы прозаик-жазушының әдебиет әлеміне келуі, шығармашылығына қызығуына ой толғады. Өз кезегінде «Ortalyq

Qazaqstan» газетінің жауапты хатшысы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Қасымхан Ғалым Жаңаарқа жерінің әнұранына айналған «Жаңаарқа вальсі» әнінің шығу тарихына тоқталып өтті.

Кешке қатысқан Қарағанды медицина

ның әрі өздерінің тырнақалды туындыларын жатқа оқыды. Тәттімет атындағы өнер колледжінің студенттері күй шертті.

Оқырман назарына ұсынылған «Шебер қаламгер» атты бейнебаян Төкен Әлжантегінің жазушылық шеберлігі мен өмір жолы турасында молырақ мәлімет алуға мүмкіндік ұсынды. Кітапхана қызметкерлері жазушының кітаптарына шолу жасады.

Әдеби шараға қатысқан «Болашақ» колледжінің студенттері жазушы шығармаларының құнарлы тілі, өзіндік жазу шеберлігі, қаламгердің баға жетпес мол мұрасы туралы көкейіндегі пікір-сауалдарын ортаға салды.

Еске салып өтелік, Т.Әлжантегі «Қымқиғаш тіршілік», «Ақ-қараның арасы», «Сегіз сері», «Сарбас ақын» атты романдардың авторы. «Періштелер жерде ғұмыр кешпейді» драмасы еліміздің бірқатар театрларында сахналанды.

Өз тілшімізден

Суреттерді түсірген  
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



• МАҒЖАН ЖҰМБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 130 ЖЫЛ

# Жас өрендер оқыған жыр

М.Әуезов атындағы орталық қалалық кітапханада Мағжан Жұмбаевтың 130 жылдығына орай ұйымдастырылған «Әлем таныған Мағжан...» атты қалалық байқау өтті. Шараға бастаушы сынып оқушылары қатысып, ақын өлеңдерін жатқа оқыды. Женімпаз оқушыларға ақшалай сыйлық табысталды.

✎ Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»



Байқау жалынды ақын Мағжан Жұмбаев мұрасын жас ұрпаққа таныту, олардың азаматтық ұстанымының, ұлттық ой-санасының қалыптасуына ықпал ету, ақын өмірі мен шығармашылығын тануға деген оқушылардың қызығушылығын арттыру, ақынның рухани мұрасын және өмірі жайлы мәліметтерді насихаттау мақсатында ұйымдастырылды.

Аталған шараға ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері Ғазиза Смағұлова, Ы.Алтынсарин медалінің, «Ұлы дала ұстазы» медалінің иегері, халықаралық, республикалық көркемөз оқуларының лауреаты, Оқу ісінің үздігі Күліш Төлеуханқызы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мектеп-гимназияның бастауыш сынып мұғалімі Дәмәткен Кәкенова, «Ortalyq Qazaqstan» газетінің тілшісі Ерканат Кеңесбекұлы және қалалық кітапхананың қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі Гүлнұр Қанатбекова қатысып, байқауда оқушылардың өнеріне баға берді. №16 ЖББ мектебі мен М.Жұмбаев атындағы гимназия оқушылары және оқырмандар қатысты. Сайысқа «Гүлжан» көтерме сауда орталығы және «Гүлжан» мейрамханасының директоры Айгүл Сейдгазимова демеушілік жасағанын да айтып өткен жөн.

Шара барысында ақынның өмірі мен шығармашылығы жайында «Әлем таныған Мағжан...» атты слайд көрсетіліп, Алаш қайраткері, ақын Мағжан Жұмбаевтың өмірі мен шығармашылығы жайында мол мағлұмат берілді. Байқауға 28 оқушыдан өтінім қабылданды. Оқушылар ақын өлеңдерін жатқа оқыды. Қазылар алқасы ең үздік оқушыларды анықтап, жаттаған өлеңнің саны мен сапасы, мәнерлеп оқу шеберлігі, сахна мәдениеті, орындаушылық шеберлік деңгейі бойынша бағалады.

№16 ЖББ мектебінің I-сынып оқушысы Аяла Қалқожа байқауда I орын иеленіп, 20 мың теңгені қанжығасына байлады. Ал, М.Жұмбаев атындағы №39 гимназияның 4-сынып оқушылары Дильназ Қабдыраш пен Әлинур Серік II орын алып, 15 мың теңге иеленді. III орынға қол жеткізген М.Жұмбаев атындағы №39 гимназияның 3-сынып оқушылары Аршат Болат пен Жәмила Нұрғалиеваға және осы мектептің I-сынып оқушысы Әбілмансұр Болатбекке 10 мың теңге ақшалай сыйлық берілді. Байқауға қатысқан басқа да оқушыларға ынталандыру сыйлықтары табысталды.

Одан кейін қатысушылар мен әділ қазылар алқасы «Мағжан – жыр жұлдызы» кітап көрмесін тамашалады.

• МАРАФОН

# Желаяқтар жолға шықты

Астана қаласында 25 сәуірде басталған NomadRun ультрамарафонының желаяқтары әуелі Қарағанды қаласында аялады. Жергілікті атлеттермен кездесіп, оларды қатарға қосылуға шақырды.

✎ Жансая ОМАРБЕК,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Марафоншылар бір айда 7500 шақырымды еңсеруді көздейді. Ол 18 қала мен 100-ден астам елді мекенді қамтиды.

– Біздің басты мақсатымыз – салауатты өмір салтын насихаттау және ішкі туризмді дамыту. Мұндай жарыстар спорт пен саяхат үшін ғана емес, туризмнің де дамуына серпіліс береді. Сондықтан, біз осындай жан-жақты пайдалы марафонды дамытуға атсалысуымыз керек. Өткен жылы Алтай-Атырау бағыты бойынша барлығы 1800 шақырым жүгірдім, – дейді марафонды ұйымдастырушы Марғұллан Ермағанбетов.

Марафон бастамашысының бұл жобасын жер-жерден қолдаушылар табылып, Қостанайдан Дмитрий Каптел мен Меңдібай Әлімғазин және Өскеменнен Тоқтар Ғалымжан, Астанадан Тимур Әбілов бастаған жүгірушілермен толықты.

– Қатысушылардың бірі жүгіре алмаған кезде мен жігіттерді қолдауға ниет білдірдім. Астанадан Қарағандыға дейін 40 шақырым жүгірдім. Өкінішке қарай, бұдан әрі жүгірмеймін, басқа да шаруаларым бар. Жарысқа қатысушылар тапсырманы орындайды деп сенемін және барлық ниет білдірушілерді олардың қатысуына қосылуға шақырамын. Өзім триатлонмен айналысамын. Сондықтан мен физикалық дайындалған адам үшін күніне 40-60 км жүгіру қиын емес екенін білемін. Бұл әуесқой триатлет үшін ұзақ жақсы аэробты жаттығу болады, – дейді Тимур Әбілов.

Құрамында бес кәсіби марафоншы бар топ алдағы уақытта облыс орталықтарында болып, қатарын толықтыра түспек. Ендігі аялдама Жезқазған қаласы болмақ. Бір айдан кейін Ақтау қаласында мәртеге жетеді. Егер марафоншылар белгіленген шақырымды берілген уақытта бағындырса, NomadRun ультрамарафоны Қазақстанның рекордтар кітабына енебек.





**ХАБАРЛАМА**

«Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ төменде көрсетілген денсаулық сақтау ұйымдарына байқау келесінің мүшелігіне бос лауазымға орналасуға конкурстар жариялайды.  
Конкурс өткізу күні: 29.05.2023 жыл.

Конкурс өткізу орны: «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ, Қарағанды қаласы, Әлиханов көшесі, 2 үйі, 4 қабат, конференц – зал, телефон 8(7212) 559784.

1. Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Шахтерлер көшесі, 78 үйі мекенжайы бойынша орналасқан «Қарағанды қаласының № 3 емханасы» КМК байланыс телефоны 8(7212) 33-42-20. Кәсіпорынның қызметі-медициналық көмек көрсету. 2 бос орын.

2. Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, Чайковский көшесі, 22 үйі мекенжайы бойынша орналасқан «Теміртау қаласының орталық ауруханасы» КМК байланыс телефоны 8(7213) 98-08-87. Кәсіпорынның қызметі-медициналық көмек көрсету. 2 бос орын.

3. Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, Димитров көшесі, 53/3 үйі мекенжайы бойынша орналасқан «Теміртау қаласының көпбейінді ана мен бала орталығы» КМК байланыс телефоны 8(7213) 90-00-86. Кәсіпорынның қызметі-медициналық көмек көрсету. 2 бос орын.

4. Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы, Қазақстан көшесі, 97 үйі мекенжайы бойынша орналасқан «Шахтинск қаласының орталық ауруханасы» КМК байланыс телефоны 8(72156) 5-41-80. Кәсіпорынның қызметі-медициналық көмек көрсету. 3 бос орын.

5. Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы кенті, Жапақов көшесі, 23 үйі, мекенжайы бойынша орналасқан «Шет ауданының орталық аудандық ауруханасы» КМК байланыс телефоны 8(71031) 21-3-57. Кәсіпорынның қызметі-медициналық көмек көрсету. 2 бос орын.

6. Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Нұра кенті, Сулейменовтер көшесі, 2 құрылысы, мекенжайы бойынша орналасқан «Нұра ауданының орталық аудандық ауруханасы» КМК байланыс телефоны 8(72144) 22-5-66. Кәсіпорынның қызметі-медициналық көмек көрсету. 2 бос орын.

Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардағы байқау келесіні сәйкестендіретін адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімінің, сондай-ақ, мынадай талаптардың бірінін болуын қамтиды:

- денсаулық сақтау саласында немесе ұйымның бейіні бойынша және(немесе) экономика/қаржы және(немесе) бизнес және(немесе) құқық саласында кәсіпкерлік болуы;

- денсаулық сақтау саласында немесе ұйымның бейіні және(немесе) экономика/қаржы және(немесе) бизнес және(немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктерге мүшелік.

Байқау келесінің мүшесі ретінде сайлана алмайтын тұлғалар:

- өтелмеген немесе алынбаған сот-тылығы бар;

- заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам заңды тұлғаның басшысы болған;

- бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;

- байқау келесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорынның басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы тұлға.

Құжаттар «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ № 14 кабинетке баспасөз басымдарында хабарландыру жарияланған күнінен бастап күнтізбелік отыз күн мерзімде ұсынылады.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

1) конкурста қатысу туралы өтініш (еркін нысанда);

2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;

3) өмірбаян (еркін нысанда);

4) кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

5) жоғары білім туралы құжаттың көшірмесі;

6) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аумақтық бөлімшелері берген сот-тылығының және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының жоқтығын растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орынының басшылығынан ұсынымдар) ұсына алады.

Құжаттарды қабылдау күні 27.04.2023 жылдан бастап.

**ОБЪЯВЛЕНИЕ**

ГУ «Управление здравоохранения Карагандинской области» объявляет конкурс на занятие вакантной должности в члены наблюдательного совета в нижеперечисленные организации здравоохранения.

Дата проведения конкурса: 29.05.2023 года.

Место проведения конкурса: ГУ «Управление здравоохранения Карагандинской области», город Караганда, улица Алиханова, дом 2, 4 этаж, конференц – зал, телефон 8(7212) 559784.

1. В КГП «Поликлиника № 3 города Караганды» расположенное по адресу: Карагандинская область, город Караганда, проспект Шахтеров, дом 78, контактный телефон 8(7212) 33-42-20. Деятельность предприятия – оказание медицинской помощи. 2 вакантных места.

2. В КГП «Центральная больница города Темиртау» расположенное по адресу: Карагандинская область, город Темиртау, улица Чайковского, дом 22, контактный телефон 8(7213) 98-08-87. Деятельность предприятия – оказание медицинской помощи. 2 вакантных места.

3. В КГП «Многопрофильный центр матери и ребенка города Темиртау» расположенное по адресу: Карагандинская область, город Темиртау, улица Димитрова, дом 53/3, контактный телефон 8(7213) 90-00-86. Деятельность предприятия – оказание медицинской помощи. 2 вакантных места.

4. В КГП «Центральная больница города Шахтинск» расположенное по адресу: Карагандинская область, город Шахтинск, улица Казахстанская, дом 97, контактный телефон 8(72156) 5-41-80. Деятельность предприятия – оказание медицинской помощи. 3 вакантных места.

5. В КГП «Центральная районная больница Шетского района» расположенное по адресу: Карагандинская область, Шетский район, село Ақсу-Аюлы, улица Жапақова, дом 23, контактный телефон 8(71031) 21-3-57. Деятельность предприятия – оказание медицинской помощи. 2 вакантных места.

6. В КГП «Центральная районная больница Нуринского района» расположенное по адресу: Карагандинская область, Нуринский район, поселок Нура, улица Сулейменовых, строение 2, контактный телефон 8(72144) 22-5-66. Деятельность предприятия – оказание медицинской помощи. 2 вакантных места.

Требования, предъявляемые к лицам, избираемым в наблюдательные советы в государственных предприятиях на праве хозяйственного ведения в сфере здравоохранения, включают наличие высшего образования, а также одного из следующих требований:

- наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации (или) экономики/финансы (или) бизнеса (или) права не менее пяти лет;

- наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации (или) экономики/финансы (или) бизнеса (или) права на руководящей должности не менее трех лет;

- членство в общественных объединениях в сфере здравоохранения и(или) экономики и(или) бизнеса и(или) права.

В качестве члена наблюдательного совета не может быть избрано лицо:

- имеющее непогашенную или неснятую судимость;

- являющееся руководителем юридического лица более одного года до принятия решения о признании данного юридического лица банкротом;

- ранее совершившее коррупционное правонарушение;

- находящееся в отношении близкого родства и свойства с другим членом наблюдательного совета или руководителем государственного предприятия.

Документы предоставляются в ГУ «Управление здравоохранения Карагандинской области» в кабинет № 14, в течение тридцати календарных дней со дня опубликования объявления в периодических печатных изданиях.

Необходимые для участия в конкурсе документы:

1) заявление об участии в конкурсе (в произвольной форме);

2) резюме на государственном и русском языках;

3) автобиография (в произвольной форме);

4) копия документа, удостоверяющего личность кандидата;

5) копия документа о высшем образовании;

6) копия трудовой книжки (при ее наличии) или трудового договора, выписки из приказов о приеме и прекращении трудового договора либо другой документ, подтверждающий стаж работы;

7) копия документа, подтверждающая трудовую деятельность работника согласно статье 35 Трудового кодекса Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года;

8) документы, подтверждающие отсутствие судимости и коррупционных правонарушений, выданные территориальными подразделениями Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан.

Участник конкурса может представить дополнительную информацию, касающуюся его образования, опыта работы, профессионального уровня (копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых степеней и званий, научных публикаций, рекомендаций от руководства предыдущих мест работы).

Дата приема документов с 27.04.2023 года.

**Еске алу**

Адал жар аяулы аяның кәлірі әрқашан ұрпақ үшін зор. Еміс-еміс ес білгелі етегіне жармасып, емірене ботам деген тәтті үнін естіп осы қай баланың болсын жанын жадыратып жүрегін жылытады. Осы бір Ана деген атқа лайық тағы бір жаннан қапыда көз жапып қалды.

1960 жылдың 13 маусымда Нұркен ауылында дүниеге келген, ардақты жар, аяулы ана, асыл әже алты бала өсіріп, жеткізіп, білім мен тәрбиені қатар берген. 15 немере-женендердің сүйікті әжесі **Шолпан Зайтқызы ХАСЕНОВАНЫҢ** 30 сәуірде дүниеден озғанына 40 күн толып отыр.

Шолпан анамыз пейілі кең, ниеті түзу, жарқын жүзді, адамдық пен адамгершілік, кісілік пен кішілік, мейірім мен мейірбандылық, еңбекқорлық бойына тұнған ақжарқын, адам жатырқаймайтын ақкөңіл кісі еді. Ашуланса да ашуы шай оралмап кепкенше-ақ еді. Жауар бұлттай түнеріп, бір сәтте нәсерден кейінгі күндің нұрланып сала беретін.

Әйелге ана емес ер-азаматқа тән істі де бір кісідей иіріп ала жөнелетін. Шолпан марқұм өте қонақжай, қолы ашық, берекелі дастарқанды болды. Бар өмірін бала-шаға тәрбиесіне арнаған. Оның тәрбиесінде қыз кісіге тік қарамауды, ал, ұлы ұлық болуды үйренді. Кісі ақысын жемесу, әрқашан аққа жақ болу, жетім-жесірдің көз жасына қалмау міне, осы сынды тал бесіктен басталар тәрбие нәрін сіңіре білді ұрпағына. Қай-теміз дүние жалғанның жазғаны осы болды.

Ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, барлық балаларын оқытып-тоқытып аяқтандырып қатарға қосты. Анаға деген атқа лайық біз білетін бір адам. Алла марқұмның анамыздың жасамаған жасын ұрпақтарына берсін. Қабырға қайысып еске аламыз.

**Құрметті ағайын анамыздың қырық күндік асы 2023 жылдың 30 сәуірінде Нұркен ауылында сағат 12:00 беріледі. Ал, аяул тұрғындарына сағат 15:00-де беріледі.**

Еске алушы: балалары және немерелер



№233

**Еске алу**

Қасиетті Ақтоғай топырағының тумасы, Қарағанды қаласының тұрғыны болған анамыз **Рымтай ЖАНЫСБЕКҚЫЗЫНЫҢ** өмірден өткеніне 40 күн толып қалды. Шіркін, фәни ғұмыр... Қазір қасымызда жүрген жандардың әп-сәтте сағыныштың сапарына ұзай салуы көңілді толқытады.

Анамыз адал ғұмыр кешті. Жан баласының ала жібін аттамады. Балаларын да солай тәрбиеледі. Жаны жайсаң жанның қазасы қанша ауыр болса да Алланың салғанына көнеміз, сабыр қыламыз. Рухына Құран бағыштап, дұға етеміз.

Сағыныш деген бір ауыз сөзге сыйып кеткен анамыздың жатқан жері жайлы, иманы саламат, рухы шат болсын. Қабіріңе Алланың нұры жаусын!

Шексіз мейірім иесі болдың, дарасын, Мінезінмен көркем есте мәңгі қаласың. Жақсы амалдар қайтып сізге Алаштан, Жұмақта жаның шалқысын асыл Анашым.

Алыс жаққа неге кеттің Анашым?.. Білмедік пе мейірімнің бағасын?!. Сағынышта жалғыздың қалдырып, Түсіме кеп құшағына аласың...

Сағынышпен еске алушылар: **балалары, бауырлары.**

**Құрметті ағайын-туыс, құда-жекжат, дос-жандар, ауылдастар, анамыздың қырық күндік асы 2023 жылы 1 мамыр сағат 13:00-де Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы «АйФар» кафесінде беріледі.**

т/б

Қазақстан Республикасы экология және табиғи ресурстар министрлігі орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ-нің құрылымдық бөліміндегі қаржы және ұйымдастыру жұмыстары бөліміне ваканттық 1 (бір) бірлік экономист лауазымына азаматтық қызметшісінің конкурсын жариялайды:

Кәсіби талаптар:  
- Жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім (экономикалық білім) немесе техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) (экономикалық) білім, жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды.  
Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды бұқаралық ақпараттық құралдарда жарияланған күнінен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде сағат 18:30-ға дейін Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің кадрлер бөліміне құжаттарды тапсыру қажет. Қызметке қабылдану құжаттарға және лауазымды міндеттерге қатысты сұрақтар бойынша 31-2-14 телефоны арқылы хабарласып білуге болады.  
Конкурс өткізілетін орны: Қарқаралы қаласы, (бұрынғы М.Мамырбаева көшесіндегі 1 үй) «Қарқаралы орман шаруашылығы 1 телімі, 1 құрылысы», «Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» республикалық мемлекеттік мекемесінің кеңесі.

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерді Ар-намыс кодексінің, мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9.00-18.00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сөнім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

**Хабарлама**

«Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» республикалық мемлекеттік мекемесінің штаттан тыс төмендегідей лауазымдар бойынша мамандар қажет:

1. Инженер-механик:  
Білімі орта-арнайы немесе жоғары (техникалық), жұмыс өтілі міндетті емес;

2. Материалдық есепші:  
Білімі орта-арнаулы немесе жоғары (бухгалтерия), жұмыс өтілі міндетті емес;

Беріліп отырған лауазымдардың міндеттері және қызметке қабылдау құжаттары бойынша сұрақтар мекеменің кадр жұмыстары маманынан мына телефоны 8 (72146) 31-2-14 арқылы хабарласып білуге болады.

Мекенжайымыз: Қарқаралы қаласы, Қарқаралы орман шаруашылығы 1 телімі, 1 құрылысы «Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» республикалық мемлекеттік мекемесінің кеңесі.

Қарқаралы МҮТП-нің әкімшілігі

**Электрондық пошта:**

ortalyk.kaz@mail.ru

қауымды қызықтыратыны тағы бар. Колледж студенттері кеш қатысушыларына түрлі сауалдар қойып, тұшымды жауап алды.

Мерекелік іс-шарамызға кілен дүлдүл ақын жиналғандықтан, қайым айтыс үлгісін көрсетуді сұрап, қолқа салдық. Айтыс көрерменнің төбесін көкке көтеріп, керемет көңіл күйге бөледі.

Әдеби-сазды кеш дүниедегі бар құбылысты адамзат санасындағы сан қырлы сезімді, туған жерге, ата-анаға деген махаббатты сөз құдіреті арқылы жеткізуге болатынын жете түсіндіріп, студенттердің кітап оқуға деген құштарлығын оятуға септігін тигізді. Колледж директоры Ержан Смағұлов әдеби-сазды кеште қонақ болған ақындарға алғысын айтып, қазақтың қайым айтыс үлгісін көрсеткені үшін қаламгерлерге зор ризашылығын жеткізді.

Кеш соңында қаламгерлерге колледж атынан арнайы Алғыс хат табысталды.

**Шырын ҚОЖАМУРАТОВА, Балқаш гуманитарлық-техникалық колледжінің кітапхана меңгерушісі**

**Объявление**

1. РГП на ПХВ «Институт зоологии» КН МОН РК со-общает о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений Биологического обоснования жив-воотлова сайгаков для реализации программы научных ис-следований по теме «Содержание и разведение сайгаков в неволе»;

2. Территория воздействия - Нуринский район Караган-динской области;

3. Публичные обсуждения опубликованы на сайте <https://ecportal.kz/> с 10. 05. 2023 г. до 23.05.2023 г.

4. Инициатор намечаемой деятельности – РГП на ПХВ «Институт зоологии» КН МОН РК г.Алматы, 050060, пр. Аль-Фараби 93, тел.: +7 (727) 269-48-76, +7 (727) 269-48-70, E-Mail: [office@zool.kz](mailto:office@zool.kz), Web-site: <http://zool.kz>;

5. Разработчик биологического обоснования животно-ва сайгаков для реализации программы научных исследова-ний по теме «Содержание и разведение сайгаков в неволе» – РГП на ПХВ «Институт зоологии» КН МОН РК г.Алматы, 050060, пр. Аль-Фараби 93;

6. С материалами, выносимыми на общественные слушания, а после и с опубликованным протоколом обществен-ных слушаний, можно будет ознакомиться на сайте <https://ecportal.kz/>;

7. Дополнительную информацию о намечаемой дея-тельности, проведении общественных слушаний, а так же запросить копии документов, относящиеся к намечаемой деятельности, можно получить по электронному адресу – [office@zool.kz](mailto:office@zool.kz), на сайте <https://ecportal.kz/>, и по телефону: +77019470102;

8. Замечания и предложения принимаются по электрон-ному адресу – [office@zool.kz](mailto:office@zool.kz), на сайте <https://ecportal.kz/>, и по телефону: +77019470102;

№239

**ӘДЕБИ-САЗДЫ КЕШ**

**Қаламгерлер колледжге келді**

Білім мен ғылымның, мәдениет пен әдебиеттің інжу маржан-дары тізбектеліп, кітап атаулы шоғырланған кітапхана – адам-заттың рухани тыныс-тіршілігінің көзі. Десек те, соңғы кезде кітап ордасына келіп, кітап оқитын жастар азайып кетті. Сту-денттердің оқуға құштарлығын ояту әрі жергілікті қаламгер-лердің шығармашылығымен таныстыру мақсатында Балқаш гуманитарлық-техникалық колледжіне кітапханашылардың ұйымдастыруымен «Оқуға құштар колледж» жобасы аясында «Ақындар жырлаған туған өлке» атты әдеби-сазды кеш өтті. Аталған шараға жергілікті ақындар – Мөлдір Бөлекова, Қу-андық Саденов, Бақытжан Әрінов және Қуаныш Аманқұлов шақырылды.

Кеш барысында кітапханашы жергілікті ақындарымыздың қиын да қызықты, өнегелі өмір жолы-на тоқталды және кешке арнап жасалған кітап көрмесіне шолу жасап, таныстырды. Алдымен, қазақтың ежелгі дәстүрі – ауыл-дың алты ауызы салтымен кол-ледж студенттері өлең-жыр айтты. Ақын-сазгер Қуандық Саденовтің «Балқаш вальсі» әнін әулетіе шы-

рқалды, ақындардың төл туынды-ларын жатқа оқыды.

Әдеби-сазды кешке шақы-рылған қаламгерлер көрерменге қонаққа арнады. Ақындардың бірі әулетіе ән шырқаса, енді бірі жыр шумақтарын оқып, кештің көркін қыздыра түсті...

Қашанда ақын-жазушылардың жүріп өткен жолы үлгі мен өнегеге толы ғой, ақындық өнер оқырман

**Хабарландыру**

1. ҚР БҒМ «Зоология институты» ШЖҚ РМК «Книгерлі ұстау және өсіру» тақырыбында ғылыми зерттеу бағдарла-масын іске асыру үшін киіктерді аулаудың биологиялық негіз-демесін қоғамдық талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні хабарлайды.

2. Әсер ету аумағы – Қарағанды облысының Нұрын ау-даны;

3. Қоғамдық талқылаулар <https://ecportal.kz/> сайтында 2023 жылғы 10 мамырдан бастап 2023 жылғы 23 мамырға дейін жарияланады.

4. Жоспарланған іс-шараның бастамашысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым коми-тетінің «Зоология институты» ШЖҚ РМК, Алматы қаласы, 050060, Әл-Фараби даңғылы, 93, тел.: +7 (727) 269-48-76, +7 (727) 269-48-70, E-Mail: [office@zool.kz](mailto:office@zool.kz), Web-сайты: <http://zool.kz/>;

5. «Тұтқынды киіктерді ұстау және өсіру» тақыры-бындағы ғылыми-зерттеу бағдарламасын жүзеге асыру үшін киіктерді аулаудың биологиялық негіздемесін әзірлеуші – ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Зоология институты» ШЖҚ РМК, Қазақстан Республикасы, Алматы, 050060, Әл-Фараби даңғылы, 93;

6. Қоғамдық тыңдауларға жіберілген материалдар, одан кейін жарияланған қоғамдық тыңдаулар хаттамасы <https://ecportal.kz/> веб-сайтында қолжетімді болады;

7. Ұсынылатын



• ЭКОТУР

# Кешендегі келелі іс

Облыстық тарихи-өлкетану мұражайының ұжымы Қарағанды облысының тарихи-мәдени мұрасын сақтау орталығымен бірлесіп, Бұқар жырау Қалқаманұлының 355 жылдығына орай Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті тарих факультетінің студенттері мен Қарағанды қаласының Жастар ресурстық орталығы хәм Volter ұйымының еріктілеріне арналған экотур ұйымдастырды.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Бұл формат, яғни санитарлық (аумақты жинау) және танымдық негіздегі сапар бұған дейін де өткен. Жыл сайын Талды тарихи-археологиялық саябағында қолға алынып, сенбілік қызықты экскурсиялармен ұйылады.

Бұл сапар да есте қаларлықтай қызықты болды. Студенттер мен еріктілер сенбіліктен кейін қорымда Бұқар жыраудың шығармашылығымен және өмірімен танысты. Жырау кесенесі аумағында орналасқан қонақ үй мен мемориалдық мұражай экотурға қатысушыларды таңғалдырып, әсерге бөледі. Барлық қатысушы алдымен осындағы шырақшы маманмен бірге кесенедің намаз оқыды, баба рухына Құран оқып, дұға

да ғалымдар туралы білді. Сонымен қатар, студенттер мен еріктілер шырақшымен бірге жыраудың «Он бір тілегін» асықпай жатқа оқып, талдау жүргізді. Ондағы сирек кездесетін көнерген сөздердің мәніне үңілді. Сапардан алған әсері туралы мұражайдың пікір жазатын арнайы кітабына алғыс сөздерін жазып, қалдырды. Еріктілердің айтуынша, мұражай орналасқан жер өте көркем және әдемі. Қатысушылар көптеген жағымды эмоцияға бөленді. Әрине, сапардағы ең басты мақсат – жас ұрпақты қазақ халқының тарихындағы ұлы тұлға Абылай ханның бас кеңесшісі болған Бұқар жыраудың өмірі хәм шығармашылығымен таныстыру.

– Бұқар жырау кесенесі мен мұражайына барып, керемет әсер алдым. Ел тарихының, мәдениетінің бір бөлігімен танысып,



етті. Кейін шырақшы кесене құрылысының тарихы туралы айтып берді. Студенттер мен еріктілер Бұқар жыраудың өмірбаяны туралы алғаш қалам тербеген белгілі қазақ ақыны, этнограф және зерттеуші М.Көпеев туралы естіп, білді. Сондай-ақ, жаз айларынан бастап, күздің аяғына дейін кесенеге көптеген қажылар келетініне қанық болды.

Кесенеге экскурсиядан кейін барлық 30 қатысушы 15 адамнан 2 топқа бөлініп, мұражай аумағында сенбілік жұмысын өткізді. Ал, Бұқар жырау мұражайына жасалған экскурсия өте қызықты болды. Қатысушылар аңыз бойынша Бұқар жыраудың қабіріне М.Көпеев орнатқан тасты көріп, жыраудың өмірі мен шығармашылығын зерттеген басқа

бойыма сіңірдім. Маған болашақ тарихшы ретінде бұл сапар өте пайдалы болды. Алда болса, тағы барар едім. Тарихқа үйілген сайын тың деректер шыға беретініне көзім жетті. Мұндай тарихи орынды алғаш рет көруім. Ұйымдастырушыларға мың алғыс, – дейді Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті тарих факультетінің I курс студенті Ажан Шарипова.

Был Бұқар жырау кешені Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану мұражайының балансына берілді. Сондай-ақ, биыл мұнда қалпына келтіру жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Бұл киелі әрі тарихи нысанның туристік әлеуетін арттыра түсетінін айтады мамандар.

• ҚҰРЫЛТАЙ

# Мағжан салған алтын көпір

Қарағанды облысының білім басқармасы, білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының жоспарына сәйкес Қарағанды қаласының Мағжан Жұмабаев атындағы гимназиясында қазақ-түрік баласына ортақ Мағжан мұрасын қайта жаңғыртып «Мағжан Жұмабаев «Педагогикасы» және ұлттық тәлім-тәрбие» атты облыстық педагогикалық құрылтай өткізді.

Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»



Аталған құрылтайға 200 адам онлайн режимінде, 200-ге тарта адам онлайн қатысты. Төрт бағытты қамтыған құрылтайдың басты мақсаты – Мағжан мұрасының тәрбиелік мәнін жаңғырту. Атап айтар болсақ: Мағжан Жұмабаев шығармаларындағы ұлттық құндылықтардың мәні, Алаш идеясы – Жаңа Қазақстанның тұңғыры, Мағжанның «Педагогикасы» және ұлт тәрбиесі, Мағжан психологиясы және қазіргі психология.

Осыған орай, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы Сағымбай Ботпайұлы «Мағжан Жұмабайұлының нақыл сөздері» тақырыбында баяндама жасады. Ал, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті археология, этнология және Отан тарихы кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты, «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры Нұрсахан Бейсенбекова «Қазақ» газетіндегі тарихтың өзекті мәселелері» тақырыбын назарға ұсынды.

Сонымен қатар, ҚР Дарын жастар сыйлығының лауреаты, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі – Елдос Тоқтарбай «Ана-долыдағы алаштану мәселесі: зерттеу, насихаттау» тақырыбында тұшымды ой білдірді. Ал, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті шет тілі кафедрасы түрік тілінің аға оқытушысы Аsuman Ergün «Kardeş Okul Projesi/Türkiye» тақырыбында түрікше баяндама оқыды. Баяндамада қазақ-түрік қандастығы туралы хәм ата-баба аңсаған арманы бір болғандығы туралы айтылған. Осыдан соң, Түркия мектебімен меморандум жасалды.

Сондай-ақ, «Мағжан Жұмабаев шығармаларындағы ұлттық құндылықтардың

мәні» бағыты бойынша барлығы 71 жұмыс келіп түсті. Оның арасында 11 автордың жұмысы үздік деп танылып, секциялық отырыста қорғауға жіберілді. Қорғалған жұмыстардың ішінде I орынды Н.Нұрмақов атындағы мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының мұғалімі Г.Әкімбекова иеленсе, II орынды М.Жұмабаев атындағы гимназия ұстазы А.Монтаева алды. Қызылтуа негізгі орта мектебінің мұғалімі Г.Сағымбекова III орын иеленді. Жеңімпаздар дипломдар мен Алғыс хатқа ие болды.

«Алаш идеясы – Жаңа Қазақстанның бағыты бойынша 87 мақаланың ішінен 13 үздік жұмыс қорғалып марапатталды. №2 мектеп оқушысы Лиияс Гаухар I дәрежелі дипломмен, II дәрежелі дипломмен Н.Нұрмақов атындағы мамандандырылған мектеп-лицей интернатының оқушысы Карина Аянат марапатталды. Ал, Балқаш қаласы №5 мектеп оқушылары Мұрат Сұлтан, Жумағали Мерұлан III дәрежелі дипломға ие болды.

Сондай-ақ, шара барысында «Мағжан сенген өрендер» атты Мағжан гимназиясының жаңа әнінің тұсауы кесілді. Туындының сөзін гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Мөлдір Әлжанова, әнін Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Қанат Мерсалимов жазған. Көркемдік жетекшісі М.Жұмабаев атындағы гимназияның музыка пәні мұғалімі Толқын Медеубаева.

Құрылтай жас ұрпаққа берері мол құнды дүниелерге толы болды. «Мағжан педагогикасы» қазіргі таңдағы мұғалімге өте қажет құрал, ал Мағжанның шығармалары оқушылардың ұлттық рухын көтеріп, ата-анаға көмекші болар таптырмас қалып.

• ЖЕКПЕ-ЖЕК

# Жауынгер деңгейі жалпыға аян

Орташа ауыр салмақта бұрынғы UFC белдігінен үміткер, қазіргі таңда UFC версиясы бойынша тоғызыншы номердегі жекпе-жек шебері Чейл Соннен қазақстандық жауынгер Шавкат Рахмоновқа қатысты пікірін білдірді.

Америкалық файтер Джефф Нилді жеңген соң Шавкат Рахмонов бүкіләлемдік жекпе-жек қызығушыларының назарына ілінді. Олар оның жекпе-жек өткізудегі әдіс-айласын және салқынқандылығы мен соққыға төзімділігін айтып, тамсануда.

– Елдің бәрі Шавкат пен Ковли Ковингтонның арасындағы жекпе-жек туралы айтуда. Ковли Шавкатқа қарсылас емес, меніңше. Шавкат Рахмонов пен Йен Гэрри жұдырықтасуы керек. Екеуі де сегіз бұрышта тамаша жұмыс жасауда. Мүлде жеңіліп көрмеген. Ал, жанқүйерлер бұл жекпе-жеткі қуана көрер еді, – деді америкалық файтер Чейл Соннен.



• ШАХМАТ

# Шашасына

## шаң жұқпады

Грекияның Родос қаласында оқушылар арасында шахматтан әлем чемпионаты өтті. Оған 7-17 жас аралығындағы 500-ден астам жас ойыншы қатысты.

Сонымен классикалық шахматтан тоғыз жасқа дейінгі ойыншылар арасында Аланна Берікқызы, 17 жасқа дейінгілерде Әмина Қайырбекова әлем чемпионы атанды.

Жалпы, жұлде саны бойынша, Қазақстан құрамасы екі алтын, екі күміс, бес қола қанжығалап, бас жүлдені алды. Ал, жекешеленген G09 санатында, яғни классикалық шахматтан Аланна Берікқызының бағы жанды. Ол швейцариялық жүйедегі тоғыз ойынның сегізінде жеңіске жетті. Ал, шешуші кездесуде жерлесіміз басты қарсыластың бірі Моңғолиядан келген Целмуун Илдерді жеңді.



• ХОККЕЙ

# Қарсыластар

## қарқыны басым

Хоккейден әйелдер арасындағы бірінші дивизионның V тобындағы әлем чемпионатының қорытынды матчында Қазақстанның Әйелдер командасы турнир нелері Оңтүстік Корея құрамымен кездесті.

Бірінші кезеңде қарсыластар есеп ашты. Ал, ойынның бесінші минутында Лариса Свиридова есепті теңестірді.

Ойынның екінші кезеңінде таразы басы теңесті. Бірақ, үшінші кезеңнің соңында корейлықтар алға шықты. Корейлықтар үшін матчта жеңіске жетуге осы бір серпіліс жеткілікті болды.

Осылайша, әлем чемпионатының бес матчынан кейін Виктория Сазонованың шәкірттері бірде-бір ұпай жинамады және келесі жылы ПА-дан төмен дивизионмен ойнайды.

Дайындаған Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»

• ТҰЛҒА

# Елі үшін туған ер

Аса ірі мемлекет және қоғам қайраткері Нығмет Нұрмақовтың туғанына 128 жыл толуына орай Н.Нұрмақов атындағы мамандандырылған мектеп-лицей-интернаттың да «Нығмет күні» аталып өтті.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

«Нығмет күнінде» таңғы сағат 08.00-де «Өмірі ұлтқа өнеге» салтанатты жиыны өтіп, мектеп ауласындағы бюсті алдына гүл шоқтары қойылды. Н.Нұрмақовтың інілері Мұқан, Болат Нұрмақовтар және мектеп менеджері Ж.Садуова сөз сөйледі, оқушыларға оқуда озат болуды тіледі.

8 «С» сынып оқушысы Рысхұл Жанасыл Н.Нұрмақовқа арнап жазған өлеңін оқыды. Жыл бойы мектепте өткізілген «Нығметтану» марафонының жеңімпаздары марапатталды. Мұқан мен Болат Нұрмақовтар жүлделі I орын алған сыныпқа өз аттарынан сыйлық табыстады.

Жиыннан соң мерейлі күнге арналған интеллектуалды-танымдық сабақтары өткізілді. Күні бойы оқушыларға Н.Нұрмақовтың өнетелі өмірі мен қызметі жайлы түсірілген деректі фильмдер көрсетілді.

• БӘРЕКЕЛДІ!

# Ақтөбеден абыроймен оралды

Ақтөбе қаласында Қазақстанның Халық жазушысы, драматург Тахауи Ахтановтың туғанына 100 жыл толуына арналған «Театр – өнердің ұлы көші» XI республикалық халық театрларының фестивалі өтті. Онда жерлесіміз, Шет халық театрының әртісі Арайлым Артықбаева «Екінші пландағы үздік роль орындаушы» номинациясын жеңіп алып, 300 000 теңгенің сертификатына ие болды.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Ауқымды іс-шараға сегіз облыстан он фольклорлық ұжым қатысты. Ұжымдар қазылар алқасы мен көрермендерге Т.Ахтанов жазған пьесалар бойынша қойылымдарын ұсынды. Қарағанды облысының атынан «Күшік күйеу» қойылымымен Шет халық театрының ұжымы қатысты. Ұжым жетекшісі – Әсемгүл Ахметжанова, директоры – Кәмшат Үсімбаева.

Көркемөнерпаздар ұжымының шеберлігін қазылар алқасының мүшелері «Екі езу» театрының директоры – Нұрлыбек Жұбатқан, режиссер – Елтай Кемал, өнерге деген асқан сүйіспеншілігімен сахна әлемін бағындырған дизайнер Ардақ Қонақбаева және қоюшы-суретші Айбек Орынбасаров бағалады. Қазылар алқасына белгілі актер Болат Әбділман төрағалық етті.

Фестивальдің Бас жүлдесін Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәдениет үйінің Сары Батақұл атындағы халық театры

аталымда жеңіске жетіп отыр. Бұл – тұтас Арка жұртының абыройы.

Дерекке сүйенсек, облысымызда 103 халықтық ұжым бар. Оның 18-і драма театры. Ақтөбеден Арқаға абыроймен



жеңіп алды. Ал, Арайлым жерлесіміздің өнері қазылар алқасына ұнап, осындай

оралған Арайлымның өнер жолына сәт-сапар тіледі.

**ORTALYQ QAZAQSTAN**  
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
**МЕНШІК ИЕСІ:** «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**  
Директордың орынбасары –  
«Индустриальная Караганда»  
газетінің бас редакторы –  
**О.В. МЯГКИХ**  
Директордың орынбасары –  
**Г.Ш. ЖҰМАДИЛДИНОВА**

Бас редактордың орынбасары –  
**Н.С. ДҮТБАЙ**  
Бас редактор –  
**Е.К. МҰСАБЕК**  
Интернет-редакция редакторы –  
**І.Д. МҰҚАЙ**  
Жауапты хатшы –  
**Қ.Б. ҒАЛЫМ**

**Телефондар:**  
Бас редактор: 43-38-53  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

**Меншікті тілшілер:**  
Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Призерск: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра, Оскаргов: 8-777-073-71-13  
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемсіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген (®)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркелген өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К218VRY00030163 куәлігі берілді.  
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
**Мекенжайымыз:** 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №93 үй.

**Электрондық пошта:** ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

**Газет жеткізілмес**  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KСJВKZKХ БИН 000840001412

Таралымы 5 602

№47 тапсырыс. Индекс 65484  
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

**Бағасы келісім бойынша**  
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.  
**Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.**  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор **Жәлел ШАЛҚАР**